Алтын Орда (Ұлы Ұлыс) орыс князьдерін жарлық бойынша билік беріп отырса да, олардың үстінен салық жинауды бақылайтын арнайы өкілдері басқақтарды жіберіп отырған. Осы басқақтардың жіберіп отырған мәліметтері бойынша Алтын Орда ханы орыс князьдерінің әртүрлі жұмыстарын біліп отырып, жарлық бойынша жұмыс істемеген князьдарды Ордаға шақырып алып жазалап отырған, мысалы 1246 жылы орыстарды моңғол-түріктерге қарсы біріктіргісі келген Ярослав князь Орданың шешімі бойынша Қарақорымға жіберіліп, сонда Гуюк ханның бұйрығы бойынша өлім жазасына кесілген, ал осыдан бір жыл бұрын Орданың хандарына бағынғысы келмеген Чернигов князі Михаил Бату ханның бұйрығымен өлтірілген болатын. Мұндай жағдай Орданың қаталдығы емес, оған себептер де болды. Мысалы, кейбір орыс князьдері «Жарлық» алу үшін бірін-бірі жамандап ханға шағым түсіріп тұрған, осыған байланысты, тергеу жүргізген Орда кейбір орыс князьдерін қатал жазалап отырған. Әрине, моңғол-түріктер орыс князьдерінің арасындағы алауыздықты жақсы пайдалана білді, мысалы Ярослав князьдің балалары Александр мен Андрейдің билікке таласуын пайдаланып, Александрды Киев князі етіп тағайындап, Андрейге ұлы князь атағын береді. Бірақ, Андрей ордалықтардың сенімін ақтамай, Алтын Ордаға қарсы күрес бастады. Осыған байланысты, Александрдың сұрауы бойынша Андрей князьге қарсы моңғол-түркі әскерлері жорық жасап, оны талқандап, Швецияға қашуға мәжбүр етті.

Енді, ең басымен Орданың билігін мойындап, оның сеніміне кірген Ярославтың екінші ұлы Александрдың саясатына тоқталған жөн деп есептейміз. Ресей тарихшылары оны ғасырлар бойы орыс жерінің патриоты және ұлы қолбасшы деп мадақтайды, бірақ, бұл шындыққа жатпайтын жағдай, өйткені Александр ең басынан өмірінің соңына дейін Алтын Ордаға қызмет етумен болды, сондықтан, оны орыс коллаборационистерінің басшысы болды деп есептеуге болады. Француз тілінен шыққан «коллаборационизм» деген сөз «жаумен тіл табысып, ынтымақтастықта болған» деген мағынаны көрсетеді. Александрдың қабылетті қолбасшы болғанын атап кетуге болады, ол 1240 жылы орыс жеріне басып кірген швед отрядтарын жеңгені үшін «Невский» аталып, 1242 жылы Ливон әскерлерін жеңгені тарихта белгілі, бірақ, ол осы жетістіктерге Бату хан жіберген моңғол-түрік атты әскерінің көмегімен жеткені туралы орыс тарихнамасында әдейі көрсетілмейді, сөйтіп, империялық пиғылдағы ғалымсымақтар тарихи шындықты өздерінше бұрмалайды [10; 409]. Андрей князь шетелге қуылғаннан кейін ұлы князь деп танылған Александр өмір бойы Алтын Орданың саясатын белсенді жүргізіп қолдап отырды. Ол Ордаға қарсы болған көтерілістерді аса қаталдықпен басып тастап отырды, мысалы 1257 жылы болған халық санағына қарсы көтерілгенде Новгород халқының, 1259 жылы орын алған Ростов аймағындағы көтерілісті т.б. орыс халқының толқуларын моңғол-түрік әскерлерімен бірге қатал түрде басып тастағаны тарихқа белгілі болған [11; 20]. Александр Невский 1263 жылы өлер алдында өзінің мұрагерлеріне Алтын Ордаға адал қызмет етуге өсиетін айтып кеткен. Сондықтан ресей идеологтарының Александр Невскийді ұлы патриот деп көрсететін концепциялары ешқандай сын көтермейтін әрекет деп есептеуге болады.

1255 жылы ұлы атасы Шыңғыс хан, қолбасшы әкесі Жошы сияқты жеңіліс дегенді білмеген, Батысты жаулап алушы әйгілі қолбасшы Бату хан қайтыс болып, оның орнына таққа баласы Сартақ отырды. Бірақ, екі жыл ғана билеген Сартақ өмірден озғаннан кейін Ұлы Ұлысты (Алтын Орданы) билеуге Батуханның інісі Берке хан келді (1257–1266 жж.) [12; 88]. 1257 жылы Русь және Шығыс славян жерлерінде бірінші рет халық санағы өткізілді, бұл науқанның мақсаты: жаулап алған жерлерде қанша халық тұратынын және олардың нақты қаншасы салық төлеу керек екенін білу үшін өткізілді. Алтын Орда билеушілері өткізген халық санағы Ресей тарихындағы ең алғаш жүргізілген санақ болды және оны өткізуге моңғол-түрік нояндары мен басқақтарына қосылып, орыс князьдері де белсенді қатысты. Әрине, халық санағын жаулап алынған жерлердің халқы әртүрлі қабылдады: кейбіреулері оны қолдаса, басқалары оған қарсы көтеріліске шыққан, осы оқиғаларды көне жылнамаларының өздері талай сипаттап жазған.

Берке хан Алтын Орда территориясында мемлекеттік дін ретінде исламды қабылдатқызды, бірақ осы империяда тұратын көптеген халықтардың діндеріне таңғаларлық кеңшілік берілді. Тағы бір көрсететін жағдай мынандай болды, Алтын Орда территориясында христиан шіркеулері мен монастырлары, еврей синагогалары, буддистік храмдар және соларда қызмет ететін діни қызметкерлер салық төлеуден толық босатылды [13; 159].

Ұлы князь Александр Невский қайтыс болғаннан кейін (1263 ж.), Русь жерлерінде князьдардың арасында талас-тартыс қайта басталды, 1281 жылы мұндай жағдайдың қалыптасуына Александрдың

екі баласы Дмитрий мен Андрейдің араларындағы ұлы князьдік үшін күрес болды. Ордадан ұлы князьдікке жарлық алған Андрей моңғол-түрік әскерлерін ертіп келіп, өзінің ағасы Дмитрийді Новгород пен Псков жаққа қуып тастап, оның жерлеріне ойран салады, осының арқасында: Переяславль, Владимир, Юрьев, Суздаль, Ростов, Тверь және Торжок қалалары талқандалып, олардың тұрғындары тоналып, ал қалған бір бөлігі құлдар ретінде Ордаға айдалады. Монастырь жылнамашысы: «Андрей князь ұлы князьдік үшін күресте Русь жерлеріне моңғолдардан да жаман зұлымдық жасады» деп көрсеткені белгілі.

Жаулап алушыларға қарсы күресті ұйымдастырушы орталық ретінде Ростов князьдігі болған соң Алтын Орда билеушілері мұнда ерекше саясат жүргізді. Мысалы, жергілікті боярларды өз жақтарына бағындырып, оларға Ордада қызмет беріп жаулап алушылар Ростов князьдігіндегі вечелердің ықпалын толық жойды. Сарайдағы жоғарғы қызметкерлер Ростов князьдарымен құда-құдандастық қатынастарға барып, осы князьдікті толық өздеріне бағындырды. Русь князьдерінің кезекті араздықтары басталғанда Андрей Александрович пен бірге басқа орыс князьдары 1293 және 1297 жылдары Орда қолбасшысы Туданды әскерімен бірге шақырып, өздерінің қолдары мен моңғол-түрік әскерлерімен бірігіп, Русьтің 14 қаласын талқандап олжаны жаулап алушылармен бөлісіп алды. Әрине, орыс князьдерінің осылай өз жерлеріне, халқына жасаған опасыздықтары Алтын Орданың Русь территориясындағы ерекше саясатын жеңілдетті [14; 62]. Осы кезде ірі халық көтерілістері болып тұрды, мысалы 1304 ж. Костромада, 1305 ж. Нижний Новгородта, 1340 ж. Торжок пен Новгородта, ірі көтерілістер орын алды. Бір қызығы, бұл көтерілістер көбінесе Ордаға қарсы емес, қайта бір-бірімен қырқысып елді бүлдірген орыс князьдері мен боярларына және олардың жаулап алушылармен ауыз жаласып жүргізген саясатына қарсы бағытталды.

Алтын Орда Берке (1257–1266), Мөңке Темір (1266–1280), Туда-Мөңке (1280–1287), Төле-Бұқа (1287–1291), Тоқты (1266–1312), Өзбек (1312–1342), Жәнібек (1342–1357) хандар тұсында кемеліне келіп, сол замандағы ірі мемлекеттердің біріне айналды.

XIV ғасырдың басында Русь жерінде Тверь және жаңа көтеріліп келе жатқан Мәскеу князьдерінің арасында ұлы князьдікке тағы да талас басталып, осы саясаттарымен елдің жағдайын шиеленістірген Тверь князі Михаил және оның баласы Дмитрий Ордаға шақырылып, Өзбек ханның бұйрығымен өлім жазасына кесілді. Осындай жағдайда Тверьде Ордаға қарсы көтеріліс болып, оны моңғол-түрік әскерін басқарып келген Мәскеу князі Иван Данилович ерекше қаталдықпен басып тастап, ұлы князь дәрежесін алады. Осындай еңбегі үшін Алтын Орда ханы Өзбек Иван Даниловичке (Калитаға) ұлы князь деген дәреже беріп, оған бүкіл орыс жерлерінен салықты жинауға рұқсат береді. Салық жинау кезінде бір бөлігін Ордаға, бір бөлігін жасырып өзіне қалдырып отырған Иван князь тез байып, «Иван Қалта» атанып кетеді [15; 471]. Осыдан кейін, Иван Калитаның мұрагерлері Семен (1353–1359) және Дмитрий (1359–1389) кездерінде Мәскеу қаласының рөлі өсіп, оның билеушілері Ордадан «ұлы князь» дәрежесін алып тұрды.

Ресейдің империялық және кеңестік тарихшылары, Алтын Орда билеп тұрған кезеңде Русь жерлері дамуы жағынан Еуропадан қалып қойды деген жалған концепцияны таратып келді. Шын мәнінде бұл концепциялар ешқандай шындыққа жатпайды. Орда билеген уақытта қалалар қалпына келтіріліп, ірі экономикалық орталықтарға айналды. Алтын Орда билеушілері Батыс пен Шығыс арасындағы сауданың дамуына қамқоршылық жасап, соның негізінде: Новгород, Сарай, Астрахань, Тверь, Торжок, Нижний Новгород қалалары кең түрде сауда жүргізетін қалаларға айналды. Сонымен қатар, алым-салық беріп тұрған Русь территорияларындағы ауыл-шаруашылығының дамуына кедергі жасалған жоқ. Орданың жүргізген кеңшілік саясатының арқасында Русь жерлеріндегі христиан діні сақталып, өзінің рөлін күшейтті. Переяславль, Юрьев, Новгород, Псков, Звенигород, Владимир және басқа көптеген қалаларда соборлар мен монастырлар салынып, діни қызметкерлер және орталықтар салықтан мүлдем босатылды. Осыған байланысты, христиандардың діни басшылары Ордаға қарсы шықпай, оның саясатын қолдап отырды [16; 157].

XVIII–XX ғасырлардың бірінші жартысында, Русь өзінің қарсылығымен Еуропаны Алтын Ордадан сақтап қалды деген Ресей тарихшыларының ешқандай сын көтермейтін жүйесіз концепциясы тарихнамада кең орын алды. Бұл империялық пиғылдағы бағытты: В. Татищев, М. Ломоносов, Н. Карамзин, С. Соловьев т.б. ғалымдар қолдады. Тіпті, атасы африкандық болған, бірақ, империялық идеологияны бойына сіңіріп үлгерген А.С. Пушкин «России определено было высокое предназначение. Ее необозримые равнины поглотили силу монголов и остановили нашествие на самом краю Европы; варвары не осмелились оставить у себя в тылу поработенную Русь...» деп көрсеткені бар [14; 47].

Ақиқатқа сүйенсек, өзі жауланып алынған моңғол-түрік езгісіне көніп отырған орыс жерлері, Еуропаны қалай қорғап қалатын шамасы болды? — деген сұраққа әркім объективті түрде жауап бере алатыны анық. Қайта Алтын Орда кезінде Александр Невскийге Бату хан әскери көмек көрсеткеннен кейін бір де бір Батыс жаулап алушылары көп жылдар бойы орыс жерлеріне шабуыл жасаған жоқ, сондықтан тарихи шындыққа сүйенсек, қайта Алтын Орда Русь территориясын Батыс және басқа да жаулап алушылардан сақтап қалды деп айтуымызға толық болады.

Қазіргі уақытта солтүстік көршіміздің кейбір саясаткер идеологтары Ресей самодержавиесі Алтын Орда билігі негізінде қалыптасты деген ойларын білдіріп жүр, осы мәселеге тереңірек назар аударсақ, жоғарыда аталған саясаткерлер Ресейді Алтын Орданың мұрагері ретінде көрсеткілері келгені анық байқалады.

Мұрагерлік туралы мәселеге көшсек, онда мынандай тарихи шындық жатыр, қазіргі Қазақстан территориясын Шыңғыс ханның баласы ұлы қолбасшы Жошы билеп, кейін ол билік оның баласы Бату ханға көшіп, ол Батысқа әйгілі жорығын жасап, Ұлы Ұлыс (Алтын Орда) империясын құрды және Қазақ жерлері осы ұлы мемлекеттің негізгі бөлігін құрады. Сондықтан, қазіргі уақытта Алтын Орда империясының заңды мұрагері — Қазақ хандығы болғанын дүние тарихында мойындататын аса жауапты, әрі ең мүдделі, ең маңызды кезең туған сияқты. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы: Ұлы түрік қағандығы, Дешті-Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды» деген тарихи мәлімдемесі осы маңызды тақырыпты дамытуға жол салып отырғанын атап кетуіміз керек [17].

Ұлы Ұлыс (Алтын Орданың) тарихын, оның бір кезде жүргізген саясатын терең зерттеу керектігін Президентіміз Қ.-Ж. Тоқаевта бірнеше рет өзінің баяндамаларында атап отырғаны белгілі. «Біз Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аудару... өте маңызды міндет» деп нақты көрсетіп берді [18]. Ал, осы ұлы билеушіміз Жошы ханның жеңімпаз қолбасшы баласы Бату хан Батысқа тарихи жорық жасап, орта ғасырдағы әлемдік маңызда болған Алтын Орданы құрғанын есептесек, Алтын Орданың мұрагері қазіргі Қазақстан екеніне объективтік түрде қарайтын ешкімнің күмәні болмауы керек сияқты. Осындай бағытта терең зерттеуді дамыту, Қазақ мемлекетінің тарихына жаңа құбылыс береді деп қорытындылауға болады.

### *Қорытынды*

XIII ғасырда Еуразия кеңістігінде орын алған тарихи оқиғалар оның ішінде: Моңғол империясының құрылуы, одан кейін моңғол-түріктердің Бату ханның басшылығымен Батысқа жасаған жойқын жорығы және Ұлы Ұлыс (Алтын Орда) сияқты көп ұлтты алып державаның пайда болуы адамзат тарихындағы орасан зор маңызы бар оқиға деп есептеуге болады. Бірақ, осы дүниежүзілік маңызы бар оқиғалар әртүрлі кезеңдерде зерттеушілердің еңбектерінде, әсіресе еуроцентристердің жұмыстарында бұрмаланып бағалау кезінде біржақты көрсетіліп келгені белгілі. Шын мәнінде тарихи-объективтік көзқараспен осы тақырыпты зерттеп зерделесек, онда мынандай дәлелді ақиқат жақтары өз-өзімен анықталады.

1. Жошы ханның ұлы Батудың қазіргі қазақ жерінде болған Ордасынан көтеріліп, Батысқа жорық ұйымдастыру, ол ұлы атасы Шыңғысханның өсиетін орындау болды, өйткені «көшпенділер соңғы теңізге дейінгі жерлерді бағындыру керек» деген, сол кісінің идеясы болған.

2. Мақалада көрсетілгендей, моңғол-түріктердің жорығы деген сөздерге айқын дәлел бар, өйткені, Бату ханның армиясы әкесінен қалған 5–6 мың моңғол гвардиясынан басқасы, 90 пайыздан астамы түркі тайпаларынан жиған жауынгерлер болды.

3. Осыған байланысты, моңғол-түріктерден құралған Бату әскері сол замандағы көшпенділердің озық соғыс тактикасы мен стратегиясын пайдаланып, қысқа мерзімде Русь және Шығыс славяндар жерлерін бағындырғаны тарихтағы ақиқат жағдай.

4. Шығыс Еуропаға жасаған жеңісті жорықтарынан кейін, Бату ханның Ұлы Ұлыс (Алтын Орданың) державасын құрып, жаулап алынған Русь және Шығыс славяндар жеріндегі орыс князьдерінің таусылмайтын өзара соғыстарын тоқтатып, сол территорияларда бейбіт өмір ұйымдастырып, шаруашылықтарын, қалаларын, сауда жағын дамытуға әсер еткенін атап кетуіміз керек.



5. Солтүстік көршілеріміздің тарихшыларында көп жыл бойы қалыптасқан «Орыстар өзінің күресімен Еуропаны моңғол-түріктерден сақтап қалды» деген, ешқандай жөні жоқ концепцияларына тоқталсақ, айтарымыз мынандай: Алтын Ордан қаймыққан Еуропа мемлекеттері Шығыс славян жерлеріне үйреншікті шабуылдарын тоқтатқаны мәлім, сондықтан Русь және Шығыс славян жерлерінің сақталып қалуы Алтын Орданың арқасында болғанын айтатын уақыт жеткен сияқты.

6. Бату хан құрған Алтын Орда шын мәнінде, көпұлтты империя болды, ол Шығыс пен Батыстың жақындасуына ерекше әсер етті. Сол кездерде оның территориясында шаруашылықтың дамуына, көптеген қолөнер-сауда орталықтарына айналған қалаларды салуға жағдай жасалды. Сонымен қатар, бұрын болмаған байланыс жүйелері ұйымдастырылып, Шығыстан Батысқа дейінгі сауда артериялары Алтын Орда хандарының қатал бақылауында болғаннан кейін, халықаралық сауда, мәдени қарым-қатынастар жоғарғы деңгейде болғанын атап кету керек.

7. Шаруашылықтағы жағдайды анықтау, алым-салық жүйесін реттеу үшін, жаулап алынған Русь және Шығыс славян жерлерінде 1257 жылы тарихта бірінші рет халық санағы да Алтын Орда кезінде өткізілгенін айтқан жөн.

8. Жошының ұлы Бату хан құрған Алтын Орда көптеген мемлекеттермен саяси-дипломатиялық байланысы болған ортағасырлық ұлы империя болғанын және оның әлемдік тарихта өзінің ерекше орны болғанын объективті түрде көрсету біздің алдымыздағы басты мақсат.

9. Алтын Орда мұрагері қай мемлекет деген мәселе көп көтеріліп жатыр. Осы мәселеге келсек, айтатын бір ғана қағида бар. Алтын Орданы құрушы Ұлы Даланы билеген Жошы ханның баласы Бату хан қазақ жерінен шықса, оның жеңімпаз армиясының басым көпшілігі дала жауынгерлері болса, XV ғасырдың орта кезінде дербес Қазақ хандығының құрғандар ұлы Шыңғыс хан әулетінен шыққан Керей мен Жәнібек болса, Алтын Орданың нағыз мұрагері Қазақстан деп айтатын уақыт жеткен сияқты.

Ұсынылып отырған мақала, жоғарыда айтылған проблемаларға жауап ретінде жазылған еңбек деп есептеуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Всемирная история. Энциклопедия: [В 10 т.]. — М.: Госполитиздат, 1957. — Т. 3. — 896 с.
- 2 История Казахстана с древнейших времен до наших дней: [В 5 т.]. — Алматы: Атамұра, 1997. — Т. 2. — 620 с.
- 3 Салғарин Қ. Хандар кестесі / Қ. Салғарин. — Алматы: Жалын, 1992. — 48 б.
- 4 Советская историческая энциклопедия. / гл. ред. Е. Жуков. — Т. 3. — М.: Сов. энцикл., 1963. — 975 с.
- 5 Пособие по истории СССР: учеб. пос. — М.: Высш. шк., 1987. — 735 с.
- 6 Советская историческая энциклопедия. — М.: Сов. энцикл., 1965. — Т. 7. — 1022 с.
- 7 Брокгауз Ф.А. Энциклопедический словарь / Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефрон. — М.: ЭКСМО, 2007. — 560 с.
- 8 Қазақстан тарихы. Очерктер. — Алматы: Дәуір, 1994. — 446 б.
- 9 Советская историческая энциклопедия / гл. ред. Е.М. Жуков. — М.: Сов. энцикл., 1975. — Т. 16. — 1002 с.
- 10 Большая советская энциклопедия. — М.: Сов. энцикл., 1970. — 608 с.
- 11 Зуев М.Н. История России: учеб. для вузов / М.Н. Зуев. — М.: Приор-издат, 2005. — 688 с.
- 12 Кузембайұлы А. История Казахстана: учеб. для вузов / А. Кузембайұлы, Е.А. Абиль. — СПб.: Соларт, 2004. — 419 с.
- 13 Соловьев С.М. История России с древнейших времен до наших дней:[В 15 кн.]. / С.М. Соловьев. — М.: Изд-во соц.-экон. лит-ры, 1963. — Кн. II. — 782 с.
- 14 История СССР с древнейших времен и до наших дней: [В 12 т.]. — М.: Наука, 1966. — Т. 2. — 622 с.
- 15 Советский энциклопедический словарь. — М.: Сов. энцикл., 1985. — 1600 с.
- 16 История СССР с древнейших времен до конца XVIII в.: учеб. для вузов. — М.: Высш. шк., 1983. — 415 с.
- 17 Жұртбай Т. Қазақ хандығы — Алтын Орданың заңды мұрагері / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. — 2015. — 15 қыркүйек.
- 18 Тоқаев Қ.-Ж. Жошы ханды ұлықтамақ / Қ.-Ж. Тоқаев // Жас Алаш. — 2019. — 21 тамыз.

Б.К. Адамбек

## Завоевание Руси и восточнославянских земель Бату ханом в 1237–1242 годах и политика Улыса (Золотой Орды)

Известно, что XIII век был историческим периодом, полным значительных событий в истории народов Евразии. Но главным событием того времени было монголо-тюркское вторжение на Запад. Можно с уверенностью утверждать, что это завоевание, которое потрясло всю Европу и Азию, имело многие события, направления и разные цели, которые с различных позиций освещались в мировой истории. Однако оценка этих событий по-прежнему происходит с позиций ученых-евроцентристов, показывающих многоплановые монголо-тюркские кампании на Западе, их причины, развитие и основные события с их односторонней позиции, что не соответствует историческому объективизму. По этой причине нет сомнений в том, что тщательное и правдивое исследование этой темы, которая изучалась веками, является одним из основных требований нашего времени. По этой причине считаем, что пришло время объективно показать политические и экономические предпосылки походов кочевников на Запад, их конкретные цели и задачи, так как без этого невозможно полностью представить историю народов Евразии при изучении данной темы. В рассматриваемой статье, опираясь на многие исторические источники, показано завоевание сыном Джучи — Бату ханом земель Руси и восточных славян в 1237–1242 гг. и связанные с ним события. В то же время освещена междоусобная борьба русских князей за власть, которая играла негативную роль в жизни населения, городов и хозяйственной деятельности. Эти обстоятельства привели к тому, что между населением, его князьями и завоевателями складывались различные отношения, имевшие свои трудности и особенности. Исходя из этого, в статье раскрыты отдельные направления политики нового государства Улы Улыс (Золотой Орды) на подвластных территориях и их особенности. В своих выводах автор правдиво доказывает влияние империи Золотая Орда на всю Евразию и его историческое значение.

*Ключевые слова:* Улус, хан, поход, власть, войско, ярлык, Орда, монголо-тюрки, политика.

B.K. Adambek

## Conquest of Russia and Eastern Slavic lands by Batu Khan in 1237–1242 and the policy of Ulys (Golden Horde)

We can say that the XIII century was a historical period full of significant events in the history of the peoples of Eurasia. But the main event of that time was the Mongol-Turkic invasion of the West. It is well known that this invasion, which shook the whole of Europe and Asia, had many events, directions and different goals that were covered in world history from different positions. However, the coverage of these great historical events still takes place from the positions of Eurocentric scholars who show the multifaceted Mongol-Turkic campaigns in the West, their causes, development and main events from their one-sided position, which does not correspond to historical objectivism. Therefore, there is no doubt that a thorough and truthful study of this topic, which has been studied for centuries, is one of the main requirements of our time. Therefore, we believe that the time has come to objectively show the political and economic background of the nomads' campaigns to the West, their specific goals and objectives, since it is impossible to fully imagine the history of the peoples of Eurasia when studying this topic. In this article, based on many historical sources, the conquest of the lands of Russia and the Eastern Slavs by the son of Jochi Batu Khan in 1237–1242 and related events are shown. At the same time, the article highlights the internecine struggle of Russian princes for power, which played a negative role in the lives of the population, cities and economic activities. These circumstances led to the fact that between the population, its princes and conquerors formed various relationships that had their own difficulties and features. Based on this, the article reveals certain policy directions of the new state of Uly ULYS (Golden Horde) in the subject territories and their features. In his conclusions, the author truthfully proves the influence of the Golden Horde Empire on the whole of Eurasia and its historical significance.

*Keywords:* Ulus, khan, campaign, power, army, decree, horde, Mongol-Turkish, politics.

### References

- 1 *Vsemirnaia istoriia. Entsiklopediia [The World History. Encyclopedia]* (1957). (In 10 vols., Vol. 3). Moscow: Hespolitizdat [in Russian].
- 2 *Istoriia Kazakhstana s drevneishikh vremen do nashikh dnei [History of Kazakhstan from ancient times to the present day]*. (1997). (In 5 vols., Vol. 2). Almaty: Atamura [in Russian].
- 3 Salgarin, Q. (1992). *Khandar kestesi [Chronology of the Khans]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].

- 4 Zhukov, E. (Ed.) (1963). *Sovetskaia istoricheskaia entsiklopediia [Soviet Historical Encyclopedia]*. (Vol. 3). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 5 *Posobie po istorii SSSR [A handbook on the history of the USSR]*. (1987). Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 6 *Sovetskaia istoricheskaia entsiklopediia [Soviet Historical Encyclopedia]*. (1965). (Vol. 7). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 7 Brokgauz, F.A., & Efron, I.A. (2007). *Entsiklopedicheskii slovar [Encyclopedic Dictionary]*. Moscow: EKSMO [in Russian].
- 8 Qazaqstan tarikhy. Ocherkter [History of Kazakhstan. Essays]. (1994). Almaty: Dauir [in Russian].
- 9 Zhukov, E. (Ed.). *Sovetskaia istoricheskaia entsiklopediia [Soviet Historical Encyclopedia]*. (1963). (Vol. 16). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 10 *Bolshaia sovetskaia entsiklopediia [Great Soviet Encyclopedia]*. (1970). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 11 Zuev, M.N. (2005). *Istoriia Rossii [Russian history]*. Moscow: Prior-izdat [in Russian].
- 12 Kuzembaiuly, A., & Abil, E.A. (2004). *Istoriia Kazakhstana [History of Kazakhstan]*. Saint Petersburg: Solart [in Russian].
- 13 Solovev, S.M. (1963). *Istoriia Rossii s drevneishikh vremen do nashikh dnei [History of Russia from ancient times to the present day]*. (In 15 books, Book II). Moscow: Publishing house of socio-economical literature [in Russian].
- 14 *Istoriia SSSR s drevneishikh vremen i do nashikh dnei. [History of the USSR from ancient times to the present day]*. (1966). (In 12 vols., Vol. 2). Moscow: Nauka [in Russian].
- 15 *Sovetskii entsiklopedicheskii slovar [Soviet encyclopedic dictionary]*. (1985). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 16 *Istoriia SSSR s drevneishikh vremen do kontsa XVIII v. [History of the USSR from ancient times to the end of the 18th century]*. (1983). Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 17 Zhurtbai, T. (2015, 15 Sept.). Qazaq Khandygy — Altyn Ordany zandy murageri [The Kazakh Khanate is the rightful heir of the Golden Horde]. *Ehemen Kazakhstan — Independent Kazakhstan* [in Kazakh].
- 18 Tokaev, K.-Zh. (2019, 21 Aug.). Zhoshy khandy ulyqtamaq [Jochi will inaugurate the khan]. *Zhas Alash — Young Alash* [in Kazakh].

М.А. Алпысбес\*, А.К. Ахметов

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: alpysbes@mail.ru; kiyat7@mail.ru)*

## **Төре әулеті өкілдерінің жеке шаруашылығы мен экономикасының тарихынан**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев өзінің халықаралық «Ұлытау – 2019» туризм форумында сөйлеген сөзінде Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алу қажеттігін атап өткені белгілі. Кейбір зерттеушілер еңбектерінде Жошының хан дәрежесі болмағанын алға тартады. Тарихи әдебиетте Жошының есімін Джучи деп жазу қалыптасқан. Алайда қазақтың қария сөздері, шежірелері мен тарихи жырларында Жошы есімі Жошы хан ретінде жырланады. Оның үстіне Ұлы хан Шыңғыс ханның өзі Жошыға жерлерді Жошы Ұлысы ретінде үйлестіргені де тарихи факт есебінде Жошының мемлекет басқарушы ұлысбасы, яғни Ұлы ханы болғанын көрсетеді. Хан дәрежесінде Жошы Ұлысы атты ұлан-ғайыр мемлекеттің басында тұрған әйгілі тарихи тұлға, ел билеушісі болғаны бүкіл әлемге белгілі. Алтын Орда мемлекеті ыдыраған соң, кейін Қазақ хандығының мемлекетін басқарған саяси билеуші әулеттерінің өкілдері де Жошы ханнан өсіп өрбіген ұрпақтар еді. Сондықтан, қазақ халқы оларды «ақсүйек» деп аталған әлеуметтік дәрежесіне сай «төре» деп келді. Далалық әдет бойынша хандық мемлекеттің дәстүрлі саяси титулатура жүйесінде чингизид, оның ішінде джучид төре әулеті тұқымдарына тумасынан «сұлтан» атағы таңылатын болды. Көшпелі жеке рулардың ортақ ұлыс-жұрттарын басқарған сұлтандардың ортасынан бұрыннан-ақ қалыптасқан байырғы жол-жоба, салты бойынша, ішінен ең лайықтысын халық кеменгерлері — рубасы ақсақалдары мен билері, даңқты батырлары төрелік жасауға лайық сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Қазақ хандары мен сұлтандары туралы жасалған зерттеу жұмыстары жалғасын тауып, жаңа ізденістер жүргізіліп жатқанымен, бұл мәселеге мемлекеттік тапсырыс ретінде тың мағына берілгендіктен, жаңа қарқынға ие болары сөзсіз. Мақала қазақ қоғамындағы төре әулеттерінің экономикалық-тұрмыстық, шаруашылық ахуалына үңілуге арналған. Нақты айтқанда, төрелер әулеттерінің экономикалық жеке табыс көздері мәселесін талдау арқылы Қазақ хандығы тұсындағы алым-салық жүйесін зерттеу көзделген. Бұл мәселенің қаралуы барысында қазақ әлеуметінің билеуші тап өкілдері мен шаруалардың экономикалық қарым-қатынас жүйесіндегі хан-сұлтандардың халық ортасында табысы туралы көзқарастары зерделеуге алынды. Кеңестік дәуір идеологиясы таптық қайшылық туралы тұжырымды ұстанды. Дәстүрлі қоғам шаруашылығы мен экономикасы мәселелері туралы әлдеқайда шынайы түсінік қалыптастыру маңызды. Бүгінгі қазақ халқы мен өткен замандағы дәстүрлі қоғамдық қарым-қатынастар кезеңінде орын алған алым-салық жүйесі туралы тарихи деректерді салыстыра отырып, жаңа ізденіс жасауға талпыныс жасалды.

*Кілт сөздер:* төре, ақсүйек, сұлтан, сауда, олжа, зекет, соғым, сыбаға, үлес.

### *Kipicne*

Бұл тарихи мәселені зерделеуде талдауға алу қажет маңызды бір қыры — төре әулеттерінің әлеуметтік-шаруашылық өміріне қатысты әлеуметтік-шаруашылық қарым-қатынастар, оның ішінде экономикалық жүйедегі төре өкілдерінің табыс көздері туралы ізденіс жасау болмақ. Төре институтын зерттеу бағытында қолға алған бұл ізденіс зерттеу объектісін жан-жақты қарастыруды көздейді. Тақырыпты қозғағанда салыстыруға түсетін тарихи дерек көздері мен сүйенетін зерттеулер барын аңғарамыз. Солардың ішінде, Шыңғыс хан мемлекетінің экономикалық тарихи-құқықтық тұрғыда, әлеуметтік-экономикалық, әулеттік-тұлғалық тарих тұрғысынан талқылайтын жағы да бар. Көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерде кездесетін тарихи мәліметтерден төре әулеттерінің шаруашылық пен экономикасы тұрғысындағы табыс табу түрлері — салық салу, олжа түсіру, сыйлық алу; шығын жасалу жолдары — қайырымдылық жасау, шүлен тарату, садақа мен зекет беру және т.б.

Ханның ордасы тұрақтаған қорық жерлері туралы баяндалып айтылатын тарихи мәліметтер араб-парсы деректемелерінде жиі кездеседі. Хан қорықтары билеуші әулеттеріне тиесілі маңызды экономикалық негізі болғаны да белгілі. Себебі, ханның қамалы мен тұрақтайтын жері құнарлы келетін аймақты, суаты мол, егіншілікке қолайлы, малға жем-шөптің мол қоры бола алатын табиғат байлығына толы өлке болуы тиіс екені де айдан анық. Хан ордасының орналасатын жерлері тек қана

\* Корреспондент автор. E-mail: alpysbes@mail.ru (М.А. Алпысбес)

геостратегиялық жағынан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да тиімді болуымен әскери-соғыс амалдары тұрғысынан қауіпсіз келетін алқапта болатыны белгілі. Басқа елдердің сапарлап, саяхаттап келетін елшілері жол бойы байқаған қала, шаһарлары мен елді мекен, ауылдарын бақылап отырып, сапарнама жазбаларында да хаттаған. Онда олар елдің егіншілігі мен қалалық құрылысы дамыған өлкелерін де сипаттап өткен. Шаруашылық-экономикалық тұрғыда егіншілік алқаптары мен қалалық өмір дамыған өлкелер сауда мен керуеншілік үшін және соған байланысты ұлыстың экономикалық іргелі негізі болып табылатын басты табыс көздеріне де тікелей қатысты.

### *Зерттеу әдістері*

Қазақ хандығы мемлекеті XIII ғасырда әлем тарихының саяси сахнасына келген Шыңғыс ханның түркі ру-тайпаларының басын қосып құрған киіз туырлығытыларының мемлекетілігінің дәстүрлі жалғасы екендігі мәселесі ғылыми парадигма тұрғысынан басты методологиялық ұстаным бола алады. Жүйелілік әдісі тұрғысынан, бұл саяси-мемлекеттік құрылымдар хронологиялық кезең бойынша, өзара тарихи-салыстырмалы әдіс тұрғысынан да қарастырылуы мүмкін. Тарих ғылымы аясындағы тағы бір әдіснамалық құрал — әлеуметтік-саяси және шаруашылық экономикалық жүйелер мен құрылымдарды, оның негізгі құраушы элементтері мен компоненттері тұрғысынан ұқсастырып салыстыру, ара-жігі мен айырмашылықтарын ашып қарастыру және жүйелілік талдауға алу жолымен зерттеу тиімді болып табылады. Мысалы, бұл мемлекеттер экономикалық тұрғыда барлығы көшпелі елдер ретінде танылып келді, бірақ тарихи деректер олардың мемлекеттік-экономикалық жүйесі тек қана мал шауашылығы ғана емес, кешенді экономикаға, оның ішінде қалалар мен отырықшы елді мекендер және үлкен көш жолдары мен сауда-керуен жолдарының жүйесі тығыз байланыста болғаны анықталған. Этномәдени тұрғыдағы тарихи сабақтастықпен қатар дүниетанымдық-идеологиялық жүйелердің де жақындығы, біте қайнасқан байланыстылығы да бар. Әсіресе, саяси-басқарушылық, билеуші әулеттердің, сонымен сюзерен-воссалдық қатынастар мен рулық-туыстық жүйелердің өзара тығыз біртұтас туыстық-әлеуметтік құрылым ретінде қоғамдық-қауымдық тұрғыда біте қайнасуы да тұрақты дамуы тарихындағы мемлекеттік институттың өте әлді құрылым ретінде жасақталуын көрсетеді. Осындай теориялық-методологиялық іргелі негіз ғылыми-зерттеу әдіснамасының берік тұжырымына айналып отыр және ғылыми ізденістің маңызды алғышарты болып табылады.

### *Нәтижелері мен оларды талқылау*

Қазақ хандығы Шыңғыс ханның түркі ру-тайпалары құрған киіз туырлығытыларының мемлекеті деп тарихта атаған үлкен империяның ыдырағанынан соң пайда болған жаңа мемлекет, онда Шыңғыс тұқымдарының саяси билікті жалғастырғанын ескерсек, Қазақ хандығы тарихтағы «Ұлық Ұлыс», «Жошы Ұлысы» мен «Алтын Орда» елдерінің тікелей мұрагері. «Алтын Орда» аталып жүрген кезең мен Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезең деп осы екі аралықтағы тарихи дәуірлерді ажыратып алғанымыз дұрыс. Алтын Орда дәуіріне үңілсек, одан әуелгі уақытта билеуші әулет (династия) басында тұрған Шыңғыс ханның кезінде біртұтас Түркі қағанаты болған түркілік ру-тайпалардың ыдырап жатқан күйінен басын біріктіріп, алуан түрлі елдерді бағындырып, оларға салық төлеуді міндеттегені белгілі [1, б. 163].

Шыңғыс ханның мұрагеріне айналған үшінші ұлы Үгедей хан салық жүйесін халыққа ауыр тимейтіндей ретке келтіріп, дегені: «Хақан әкейдің дайын тағын иемденіп, халайықты қинамауды құрмет тұтайық. Ас-су үшін қарасты жұртшылықтың бір қора қойынан жыл сайын бір ісек алып тұрайық...» [2, б. 198]. Бұл мәліметке назар салып, байқап қарасақ, Шыңғыс әулеті көшпелі елдердің мал басынан салық алып тұрғанын түсінеміз, ал отырықшы елдерге келгенде әркім өз кәсібіне қарай салық төлеген. Мысалы, егіншілер астықпен есеп айрысқан болса, Еуропа елдері әр үйден бір балта мен табылған темір рудасынан беріп отырды. Бір елдер монетамен төлесе, енді біреулер қағаз ақшамен де төлей алды. Орыс княздары болса ақша орнына әртүрлі бағалы аңдардың терісімен есептесті [3, б. 73–74; 4, б. 191].

Шыңғыс хан ұрпақтарының салықтан тыс тағы бір табыс көзі — олжа болған еді. Олжа екі түрлі жолмен келіп түсті: бірі соғыс жорықтарынан келген олжа болса, екіншісі әртүрлі елдерден сый-сияпат түрінде әкелінген олжалар. Бірақ, түскен олжаның қай түрі болмасын бөліске салынды. Соғыстан түскен олжадан ханнан бастап қатардағы әскерге дейін үлес алған. Шыңғыс хан жорықтан келген олжа үлестіруде ең алдымен шайқаста шаһит болған сарбаздардың үлесін тарататын болған. Әскери соғыс олжасы түрлеріне қолға түскен мал-мүлік, бұйым-жиһаз, қару-жарақ, қатын-қалаш,

құл-құтан, және т.б. болғаны анық. Олжаның ең жақсысын ел басындағылар иеленген болу керек, яғни жүйрік ат, өткір қылыш, жауһар тас, алтын бұйым, төзімді құл, сұлу қыз, т.б. [2, б. 64, 71, 95].

Сый-сияпатқа келгенде, хан әулеті жанындағы сенімді серіктерімен — олжалы қолбасшылары, жауынгер сарбаздары, ерекше ерлік көрсеткен батырларымен бөліседі немесе көбіне бүтіндей сыйлай салатын [1, б. 68–69]. Мысалы, 1246 жылы Шыңғыс ханның немересі Күйік таққа отыратын рәсімге жер-жерде елшілер келіп, әртүрлі бағалы сыйлық әкелген. Бұл жайлы Плато Карпинидің жазбасында былай таңбалайды: «Сол жерде, тауда, хан қонысынан алшақ емес маңда 500-ден аса күйме тізулі тұрды, олардың бәрі алтын мен күміске және жібек көйлектерге толы. Оның барлығы император мен көсемдердің бөлісіне түсті, ал жеке көсемдер өз үлесін өздерінің адамдарына бөліп берді...» [3, б. 99].

Хан әулетінің байлығын арттырып отыратын ханның сауда керуендері де жұмыс жасап жатты [3, б. 110]. Алайда, Алтын Орда дәуірінде шыңғыс тектілердің билігінің күштілігіне қарай кепілді түрдегі басты табыс көзі қоластындағы халықтан жиналатын салық екені даусыз. Қазақ хандығы тұсында төрелердің билігі бірде күшейіп, бірде әлсіреп, нәтижесінде бабалары құрған салық жүйесі жұмыс жасамады. Қазақта Шыңғыс ұрпағы хан сайланғанда оның бар мүлкін «хан талапай» дәстүрімен халық иеленіп, орнына әрбір ру мал жинап беретін әдемі дәстүр кімге де болса мәлім [5, б. 160–162]. Дәл осындай рәсімді рудың басқарушы төресі етіп қабылданған сұлтанға да жасалатын. Оған рудың төресін де хандай көріп ақ киізге салып көтеруі айғақ болады [6, б. 49]. Демек, қазақтың төрелік еткен хандары мен сұлтандарының осындай дәстүрмен отбасыларын қамтамасыз ететін жеке шаруашылығы болды. Ал шаруашылық ісін алға дөңгелететін төлеңгіттер екені де түсінікті.

Салық мәселесіне келсек, мысалы, 1731 жылы 16 желтоқсанда Ресейдің елшісі Тевкелевтің Бөкенбай батырмен әңгімелесіп білген дерегі береді: «Оларда, қырғыз-қайсақтарда, бұрын қалалары болған, атап айтқанда: Ташкент, Түркістан, Сайрам және оларға қарасты қалашықтар мен елді мекендер, оларға қырғыз-қайсақ хандары мен старшындары иелік еткен. Ол қалаларда саудагер сарттар қоныстанған, солардан алым алынатын... Ал көшпелі қырғыз-қайсақтардан хан ешқандай салық алмайды, оған жол берілмейді, егер біреулер өз еркімен беріп жатса, соған ризашылық білдіреді, айтпесе ешкімнен оның еркінен тыс ешнәрсе ала алмайды» [7, б. 62].

Қазақ хан-сұлтандарының көшпелі ру-тайпалардан салық алмағанын 1762 жылы Нұралы ханның III Петр Патшаға: «Мұнда далада маған алым беретін әдет жоқ» деп жазған хаты тағы дәлелдейді [8, б. 118]. 1759 жылдағы генерал-майор А.Тевкелев пен коллеж кеңесшісі П.Рычковтың Ресейдің Сыртқы Істер Коллегиясына берген мәліметінде Түркістанда отырған Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің табысы жайлы: «... Ол күнкөрісі мен табысын сол төңіректе қоныстанған жер өңдеушілер (егіншілер — *авт.*) мен саудагерлерден алады» деп жоғарыдағы мәліметті растайды [7, б. 582]. 1730 жылы Ресейге барған қазақ елшілері Құтлымбет би, Сейітқұл батыр және Тоқташ мырза қазақ хандарының қалалық және далалық болып екіге ажыратылатынын хабарлады [9, б. 330–331].

Олай болса, қолында қаласы жоқ далалық төрелерде ондай табыс көзі болмады. Кіші жүз билеушісі, далалық сұлтан Әбілқайыр ханның Ресейден өзіне қала салып беруді талап етіп жүрген басты себебі де осында жатыр. Қазақ сұлтандары бірде қалаларға ие болып, бірде ажырап қалған жағдайлары да болатын. Осыған байланысты болса керек немесе қалаға ықпал етіп отырған төре әулеті өкілдерінің саны тым аз болғандықтан Ресей шенеуніктері келесідей қорытындыға келген. П.Рычковтың (1712–1777) сөзін келтірсек: «Хандардың да, сұлтандардың да халықтан жинайтын белгілі бір табысы жоқ. Олар көбіне жеке басының үнемшілдігінен, оларға берілетін ерікті сый-сияпаттармен және соғыста түсетін олжамен күн көреді» [10, б. 202].

П.И.Рычковпен қызметтес болған А.Тевкелев «Қырғыз-қайсақтың хандарына өз халқынан үздіксіз ешбір табыс түспейді, сондықтан олар кедейшілікте тұрады және әділетсіз істерге баруға мәжбүр, сол себепті азық-түлікке де зәру» деп жазды [11, б. 314–315]. Меніңше сұлтандар «азық-түлікке зәру» болатын күйде болған жоқ. Дала билеушілерінде қалалардан түсетін табыс болмағанымен, олар да құр алақан емес-ті. Біріншіден, олар ұлысынан өткен шетелдік сауда керуендерінен салық алып тұрды [12, б. 398]. Бұл кәдімгі бүгінгі кеден салығы. Оның да өз тәртібі болды. Мысалы, Кіші жүз территориясында сауда керуені Ералы сұлтанның ұлысынан өткенде, оған салық төлесе, қалған ұлыстың жерінен салықсыз еркін жылжитын. Олардан Нұралы хан, Айшуақ сұлтан, Досалы сұлтан қайта салық ала алмайтын [8, б. 307].

Бұл үрдіс XIX ғасырда да қалмағанын фактілерден көреміз. Мысалы, XIX ғасырдың басында Кіші жүзде Қаратай сұлтан керуендерден салық алса [13, б. 52], 1826 жылы Темір сұлтан Ералыұлы оның иелігінен өтіп Троицк бағытында бара жатқан сауда керуенінен алым алған [14, б. 153]. Ф.К.Зиберштейннің 1825 жылы жазған жазбасында, Ұлы жүз аумағында Абылай ханның немерелері

Абылай мен Ералы, Мамырхан мен Төлек Әділұлдары сауда керуендерінен салық алғанын айтады [15, б. 222–228]. Шығыс Қазақстанда 1816 жылы Шама сұлтан Құлжадан келе жатқан сауда керуеніне төлеңгітін жіберіп, ақша төлеуді талап еткен болса, 1834 жылы әйгілі Кенесары ханның ағасы Саржан сұлтан Ажалямов деген татар көпестің тауарынан заттай алым алған [16, б. 153].

XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ пен Бұхар хандықтарын зерттеген Ж.М. Тулибаева хандар мен сұлтандардың билер мен байлармен қатар саудамен айналысқанын хабарлайды [17, б. 75]. Ол заманда адам саудасы да Алтын Орда дәуірінен жалғасқан әдеттегі жағдай болатын. Қазақтардың Ресей шекарасынан орыстарды ұстап Орталық Азия қалаларына апарып сатуы жайлы мәлімет те жеткілікті. Бір ғана мысал, 1791 жылдың қаңтарында бас старшын Сырым батырдың көмекшісі Мулабдеш Ескендірұлы Орал әскери канцеляриясына Досалы сұлтанның екі орыс азаматын ұстап алып, сатып жібергендігін хабарлайды. Ол тұтқынның біреуі Кулагин бекінісінен әкетілген екен [18, б. 88–92, 105].

Олжа мәселесіне келсек, қазақ хан-сұлтандарының қайсысы болмасын, әдеттегідей жорықтан олжа түсіріп, ең жақсысы оларға тигенімен, олардан қайыр бола қоймайтын. Әдеттегі Шыңғыс хан бабасының дәстүрі бойынша олжаны елге таратып беріп отырған. Ағылшын саяхатшысы Джон Кэстль 1734 жылы Әбілқайыр ханның ордасында болып, оның тұрмысын былай деп баяндайды: «Ру ақсақалдары — текті әулеттен тарғандар,... олардың көпшілігі мал жағынан ханнан әлдеқайда бай кісілер... Ханның еңбегіне алатыны тым аз, олар бұған өмір сүруге ең қажетті мөлшерден артық еш нәрсе бермейді, оның үстіне адамдары өз айтқанынан шықпай беріліп қызмет етсін деп, өз табысын наразы болғандармен бөлісуге мәжбүр [19, б. 83].

1758 жылы генерал-майор А. Тевкелев пен оның кеңесшісі П. Рычковтың Сыртқы Істер Коллегиясына жіберген хабарында Абылай сұлтан (болашақ хан — *авт.*) жайлы: «Онда барып қайтқан осындағы адамдардың айтуынша, ол соғыс қимылдарында, қырғыздардың (қазақтардың — *авт.*) дәстүрі бойынша, не өзін, не өзінің қамқорындағыларды аямайды, олжа түсірген жағдайда, өзіне ешнәрсені қалдырмай, халыққа таратып береді, осылайша билігін нығайта түсті...» дейді [7, б. 557]. Бабасының жолынан таймаған Кенесары хан да орыстың отарлау саясатына қарсы көтерілгенде олжадан өзіне ешнәрсе алмаған екен [20, б. 210].

Бөкенбай батыр хабарлағандай, ханға қазақтар өз еркімен арнайы сый-тарту әкелетін әдеттің бар екендігі де расталып отыр. 1738–1739 жылы Орынбордан Ташкенге сапар шеккен К. Миллер Түркістанда Жәңгір сұлтанның үйінде қонақта болып, Жәңгірдің бұрын хан болғанына қарамастан тақыр кедейшілікте өмір сүріп, халықтың қайырымдылық көмегімен күн көретінін жазған [15, б. 34]. Бөкей ордасындағы қазақ руларын басқарушы сұлтандар мен рубасылардың қоластындағы халықтың бақуаттарынан ерікті түрде азын-аулақ мал түрінде табыс алып отыратыны әдеттегі жағдай болған. Жәңгір хан бұл туралы былай түсіндіреді «...барлық қырғыздар (қазақтар — *авт.*), бай, кедей демей, лауазымды қызметтегілердің халық тарапынан жасалатын көмегінсіз оларды басқара алмайтынына және олай өмір сүрмеуі (яғни халықтың көмегінсіз — *А.А.*) тиістігіне кәміл сенеді» [21, б. 84, 85].

Осы дәстүрді Ресейдің 1822–1824 жылдары қазақ даласындағы хандық институтты жоюына арналған жарғыларынан көреміз. Сібір қырғыздары туралы жарғының 130-бабында «Қырғыздар (қазақтар — *авт.*) ретімен, қазіргі дәстүрлері бойынша, өздерінің сұлтандарына көмек (тартулар — *авт.*) жасай алады» деп әдеттегі бұрыннан келе жатқан дәстүрді заңдастырып, сол күйінше қалдырғанын білдіреді [12, б. 411]. Демек, төрелер өздерінің елдегі төрелігі үшін төлем және қосымша тартулар алып отырған. Алдымен қызметі үшін алатын ақы деп нені түсінеміз? Оны шартты түрде үшке бөліп қараймыз. Біріншіден, араздасқан тараптар биге емес, сұлтанға келіп жүгінсе, мәселені шешкені үшін арнайы «билік» төлемді алған. Себебі, хандар мен сұлтандар билер сияқты сот істерін қарастырып, альтернативті және жоғарғы сот рөлін атқарған. Мысалы, хан мен билер адам өлімін қарағаны үшін 3–4 жасар 40 бас байтал алып отырған [5, б. 132]. Одан кейінгі төлем «хандық айып» деп аталады. Оның мәнісі мынада, бір ру екінші рудан ірі көлемде ұрлық жасаса, мәселе билер сотында шешілгенімен, кінәлі жақ ханға немесе жәбірленген рудың сұлтанына бесті ат немесе бесті атан түрінде айып төлеген [5, б. 63].

Үшіншіден, Ресеймен немесе басқа көрші елдермен шекарада болған мәселелерді шешкені үшін ақы алу дәстүрін жатқызамыз [18, б. 103]. Олар мәселені қазақтың пайдасына шешсе, қазақтан ақы алып отырды және дәл сол сияқты мәселені орыстың пайдасына шешсе орыстан ақы алды. Тек орыстардың жеке жәбірленушілері емес пұлды төлейтін, үкімет тарапынан арнайы қаржы бөлініп, хан-сұлтандарға еңбек ақы ретінде үздіксіз жылына бір рет төленді. Орыстар отарлаудың бір механизмі ретінде еңбек ақы арқылы қазақ ақсүйектерін Ресейдің шенеунігіне айналдыруды көздесе,

қазақтың билеушілері оған әдеттегідей мәселені шешкені үшін берілетін сыйақы ретінде қарады. Қазақ халқы Ресейдің протекциясына өткенде, екі жақтың келісімі бойынша, қазақ билеушілері шекарадағы тыныштық сақтап, Ресей мен Орта Азия елдері арасындағы сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін алған еді [12, б. 185].

Міне, осы келісілген міндеттерді орындағаны үшін қазақтың билеушілері орыстан ақша алып жатырмыз деп түсінген, яғни ақылы қызмет көрсетіп отырды. 1874 жылы Г. Загряжскийдің жазбасына сүйенсек, алғашқыда сұлтандарға қоластындағы рулар әдетте соғымның бір бөлігін беріп отыруы тиіс болған. Ал сұлтандардың үлкені әкелінген соғымды туыстары арасында үлестіретін. Кейінірек, орыс үкіметінің ықпалы қазақ даласына жүргенде, сұлтандар рулардың мәселелерін шешіп, көңілінен шыққанда ғана ерікті түрде соғымнан үлес алды. Пайдасы тимесе, соғымнан құр қалатын [22, б. 81–82]. Сонда ақсүйек өкілдері ретінде сұлтандардың орыс араласпай тұрып соғымнан алған үлесі салық емес, табыс та емес, сыбаға есептелген. Бұны сұлтанға берілетін тарту түріндегі қосымша көмек немесе қайырымдылық деп ұғамыз. Осы жерде Тәттігүл Картаеваның мынадай мәліметі ойымызды толықтырады: «Той-томалақ, астарда төре-төлеңгіт, қожаларды төрге шығарып, оларға арнайы сыбаға тартқан, өліктің жаназасын шығарғанда «аталық» бергенде төреге өз алдына сыбаға берген» [23, б. 142].

Шыңғыс ұрпақтары қоластындағы елден салық алып тұруды міндеттеуге де ұмтылған кездері болған. Мәселен, Кіші жүздің билеушісі болған Қайып хан (орыстар оны сұлтан дейді) шарифат негізінде зекет салығын тұрақты түрде жинап тұруды заңдастыру туралы жарлық шығарған. Бірақ 1789 жылы Орынбор әскери губернаторы барон Игельстром аталған заңға ешкім бағынбасын деп хат жазған [21, б. 64]. Сол 1789 жылы қазан айында Қайып хан ойлағанын жүзеге асыруға үлгермей дүниеден өткен [24, б. 79]. Ішкі Орданың алғашқы билеушісі Бөкей хан да халықтан зекет салығы мен соғым алып тұрған деседі. Жалпы қазақ даласында оның ұлы Жәңгір хан (1803–1845) 1827 жылы бірінші болып қоластындағы (Бөкей Ордасы) халықтан шарифат заңдары негізінде жылына бір рет зекет салығының төленуін және міндетті түрде соғым алуды заңдастырған. Жәңгірдің 1829 жылы шекаралық комиссияның төрағасы Генске жазған мәліметінде «қырғыздар (қазақтар — А.А.) баяғыдан келе жатқан заңдар бойынша, екі түрлі төлем төлеуі міндетті: зекет пен қысқы соғымға қой беру... кедейлерден мүлдем ешнәрсе алынбайды...» деген. Хан үшін зекет пен соғым жинағаны үшін сұлтандар мен старшындар да өте аз мөлшерде қызметтері үшін халықтан мал түрінде ақы алып отырған [21, б. 82–85].

Ал, XIX ғасырдың ортасынан Ресейдің басқару жүйесі қазақ даласына тамырын жайып, мүлік теңсіздігі еніп, қазақта бай мен кедей табы пайда бола бастағанда, сұлтандар да аталған әлеуметтік топтардан көрінді. Сонда да олардың ішінде қара қазақпен салыстырғанда өте бай адамдар аз болатын. Жалпы тұрмысы төмен болды деп те айта алмаймыз. Мынадай статистикалық сараптамаға мән берелік. 1850 жылғы мәліметтерден бірнеше округті алайық. Қарқаралы округінде барлығы 43 сұлтан болса, олардың 9-ы — өте бай, 17-сі — бай, 15-і орташа, 2-уі кедей есептелінген. Көкпекті округінде барлығы 19 сұлтан, олардың 9-ы — бай, 5-уі — орташа, 2-уі — ортадан төмен, 3-уі — кедей. Ақмола округінде барлығы 30 сұлтан, олардың 9-ы — бай, 1-уі — өте бай, 5-уі — бакуат, 12-сі — орташа, 3-уі — кедей екен. Көкшетау округінде барлығы 24 сұлтан, олардың 2-уі — бай, 14-і — орташа, 8-і кедей тұрған [25, б. 330–390].

Кіші жүз сұлтандарының да жағдайы осы шамада. Олардың бір бөлігін ғана айта кетелік, Батыс Бөлік қазақтарының ішінде барлығы 26 сұлтан болса, олардың 1-і — өте бай, 5-уі — бай, 8-і — орташа, 10-ы — орташадан төмен, 2-уі кедей болып есептелінген. Ерекше тапсырмалар бойынша В.М. Лазаревский деген шенеуніктің хабарлауынша, өте бай адамда 1000-нан аса жылқысы барлар, айтарлықтай бай адамға 500-ден аса жылқысы барлар, бай адамға 200-ден аса жылқысы барлар жатқызылса, орташа адамдарда жылқы саны 100-ден асса, орташадан төмендерде 100-ге жуық, кедейлерге 25 басқа жетпейтін жылқы малы бар адамдарды есептеген [26, б. 124–135].

Баймағамбет сұлтан Айшуақұлының дерегінше, кедей адамға 20 бас қойы, 5 бас сиыры, 1 түйесі бар қазақты жатқызған. Айтпақшы, дәл осы Баймағамбет сұлтан жылына 1 рубль 50 тиын күміс ақшамен түтін салығын төлеу кедей үйлерге өте ауыр тиетінін хабарлап, оларды мүлдем салықтан босату қажеттігі туралы басшылыққа ұсыныс жасапты [27, б. 229–230]. Осы жылы Орынбор шекара комиссиясының төрағасы М.В. Ладженскийге линия маңындағы қазақтардың попечителі А.Г. Шершеневич Орал линиясының Нижний дистанциясы бойында көшкен қазақтар жайлы мәліметіне назар аударсақ, линия маңындағы қазақтар тұрмысы нашарларлығынан руларынан бөлініп қамқорлық іздегендер екен. Олардың арасында сұлтандар да болған. Олар жайлы былай дейді:



«Сұлтандардың да бірнеше отбасысы тым кедей болғандықтан жан сауғалау үшін тіміскіленіп, барын сақтап қалумен ғана уақыт өткізеді» [26, б. 167].

1907–1910 жылдары жасалған статистика туралы П.П. Румянцев мынадай қорытынды жасаған: «Сұлтандар әулетінің бір бөлігі хал-ахуалы жоғары бай топтардан табылса, енді бір бөлігі кедейленіп, басқа төменгі топтардың қатарына кіріп кетті. Қазір қарапайымдалған бұрынғы сословиелік артықшылықтары қырғыз (қазақ — *авт.*) даласын жаулап үлгерген товар-ақша қатынасындағы шаруашылықтың бәсекесіне төтеп бере алмады...» [28, б. 57].

### Қорытынды

Қарастырған мәліметтерден түйгеніміз, қазақтың хан-сұлтандарында қазақ халқынан міндетті алынатын салық жүйесі болмаған. Олар қатардағы қазақ сияқты әрбірі өзінің жеке шаруашылығын айналдырған. Жылдағы соғымдардан, күнделікті тойлардан оларға халық сыбаға, тарту ретінде өз еріктерімен үлестерін беріп отырған. Төрелер қоластындағы адамдардың мәселелерін шешуге араласқанда, яғни тікелей көрсеткен қызметіне белгіленген мөлшерде ақы алған. Өз ұлыстарынан өтетін шетелдік сауда керуендерден олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткендігі үшін алым алуды міндет деп есептеген. Қалалар мен оның төңірегіне билігі жүрген төрелерге ондағы тұрғындардан (қазақтар емес, сарттар) жүйелі түрде салық түсіп тұрған. Сараптай келгенде, төрелердің елді қанауы туралы тұжырымның дәйексіз екендігін сенімді түрде жоққа шығара аламыз. Салық салу және алым алу жүйесі әлеуметтік тұрғыда әділетті қоғам құрудың бір тетігі болып табылады. Салық салу реті, алым алу мөлшері құқықтық тұрғыда ежелгі дәуірлерден-ақ заңмен реттелетін болғаны белгілі. Қазақ ортасында дәстүрлі салық жүйесі шариғат негізіндегі мұсылмандыққа құққа немесе дала заңы ережелерімен әдет бойынша негізделіп реттелетін болған.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Лувсанданзан. Алтын шежіре / Лувсанданзан; моңғол тілінен ауд. А. Маукараұлы. — Алматы: Өнер, 1998.
- 2 Моңғолдың құпия шежіресі (XII–XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) / ауд. М. Сұлтаняұлы. — Алматы: Өнер, 1998. — 224 б.
Көкшетаулық Яхина Марьям Хасановна естеліктерінде: «Ол кезде мен жиырма тоғыз жаста едім. Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Ел басына күн туды. Алты жасар Альфиямды туыстарыма апардым да, әскери комиссариатқа барып, майданға жіберуіңізді өтінемін» дедім. Соғыс комиссариатының қызметкері: «Қарағым, соғыстың аты — соғыс. Үйіңе бар» — деді. Бірақ мен бұл сөзді тыңдаған жоқпын. Үйге қайтып келген бойда Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне «Майданға аттануыма рұқсат етіңіздер, сүйікті Отанымызды гитлерлік басқыншылардан қорғағым келеді!» — деп хат жолдадым» деген [10].

Артиллерия дивизиясының минометшісі Жексенова Гүлбану Мұсақызы: «Мен соғысқа аттанамын, майдан даласынан Сағитты іздеп табамын. Жаудан жолдасымның кегін аламын, Отан қорғауға барамын! — деп әскери комиссариатқа барып соғысқа сұранғанмын. Сөйтіп Мәскеудегі соғысқа өз еркімен аттанған майдангер қыз-келіншектер дивизиясына қатардағы жауынгер болып қабылдандым» — деп еске алған [11, б. 1–3].

Әйелдер майданға жіберілместен бұрын арнайы оқудан өтті, себебі 1941 жылдың 1 қазанынан бастап арнайы әскери жалпы оқыту жүйесі енгізілген еді. Бұл қорғаныс үйірмелері жалпы саны 3176 адамды қамтыды: оның ішінде ерлер — 2103, әйелдер — 1073, 391-і үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер. Сонымен бірге Ақмолада үш кеңес беру пунктері құрылды (парт. кабинет, спортзал, ескі Ақмола станциясындағы ОСО), бұларда күнделікті таңертеңгі сағат 7 мен 10 арасында арнайы кеңесшілер кезекшіліктерін өтеді. Қалалық емхана мен Ақмола станциясына қарасты емханада 56 адамнан тұратын санитар дружиналары құрылды, оның құрамына жоғары және орта білімді дәрігерлер мен медбикелер кірді. Қыздар тарапынан өндіріс орындарынан үзбей қысқа мерзімді (айлық) медбикелер курстары ұйымдастырылды, онда 102 адам оқытылды. Жұмыс істейтін және үй шаруашылығымен айналысатын әйелдерге өндіріс орындарынан үзбей жүргізушілер курсы ұйымдастырылды, онда 62 әйел оқиды: 50 адам жұмыс істейтіндер тарапынан және 12-сі үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер [9, б. 86–87].

Ұлы Отан соғысы әйелдердің барлық әскери мамандықтарды игеруінің жарқын үлгісі, бұл жылдары олар пулеметші, барлаушы, байланысшы, танк жүргізушісі, ұшқыш та, мерген де бола білді. Әрине соғыста дәрігерлердің үлкен маңызға ие болғаны сөзсіз. Қызыл әскер қатарына алғашқылардың бірі болып медициналық қызметкерлер алынды. Ұлы Отан соғысы жылдарында әскер мен флотта 200 мың дәрігер және 500 мыңнан аса фельдшерлер, медбикелер, санинструкторлар мен санитарлар әскери қызметтерін өтеді [3, б. 16]. Демек, Ұлы Отан соғысы жылдарында әскер қатарында 40 % әйел-дәрігерлер мен 80 %—дан аса кіші және орта медицина қызметкерлері болған. Қазақстан да майданға медициналық қызметкерлерді жіберуде ауқымды рөл атқарды.

Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облысының әскери комиссариаттарынан майдан қатарына шақырылған әйелдер 1941 жылы желтоқсан – 1942 жылы ақпанда Ақмолада құрылған 29-шы (72-ші гвардиялық) атқыштар дивизиясы мен 1941 жылы шілде-тамыз айларында құрылған 310-шы Ленин Орденді Қызыл тулы Новгород атқыштар және 1941 жылы тамыздың аяғы мен қарашаның басында құрылған 387-ші Перекоп атқыштар дивизияларының құрамында, Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында 1941 жылы шілде – тамыз айларында жасақталған 314-ші Кутузов Орденді Кингисепп атқыштар дивизиясының жеке медико-санитарлық батальондар құрамында әскери қызметтерін өтеген.

310-шы атқыштар дивизиясының 245-ші жеке медико-санитарлық батальонының құрамында Ақмола облысы Рузаев АӘК-мен әскер қатарына шақырылған Давыдова Анна Ефимовна мен Речута Мария Михайловна, Ақмола облысы Атбасар АӘК-мен әскер қатарына шақырылған Величко Пелагея Андреевна мен Полянская Пелагея Ильинична, Ақмола облысы Вишневск АӘК-мен әскер қатарына шақырылған Плотникова Ирина Ивановна, Ақмола облысы Арықбалық АӘК-мен әскер қатарына шақырылған медбике Фильчукова Анна Илларионовна [12, б. 7] және Ақмола АӘК-мен әскер қатарына шақырылған Завертяева Клавдия Ивановна, Ақмола АӘК бойынша еріктілер қатарынан болған Гудкова Ольга Анатольевна болды [13, б. 37].

310-шы атқыштар дивизиясының 1082 полкінің әскери фельдшері Завертяева Клавдия Ивановна 1917 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына Ақмола АӘК-мен шақырылған.

11 мамыр 1942 жылғы № 016/н бұйрығы бойынша «Қызыл Жұлдыз» орденіне марапаттау парағынан: «7 ай бойы ұрыс даласында Завертяева қоршауда бірнеше жауынгерлерге алғашқы көмек көрсетті. Дер кезінде көрсетілген көмек арқасында командирлер мен жауынгерлер өлімнен аман

қалды. Гонтовая-Липка бойындағы Гайтолово, Тортолово, Кругла рошава миномет пен артиллерияның үзілмеген оқтарына қарамастан Завертеева ұрыс даласында 100 командир мен бірнеше жүз жауынгерлерге дер кезінде көмек көрсетіп, оларды полктерге жіберіп отырды. Командирлік пунктін атқылау кезінде дивизия штабының командирі, аға лейтенант Голубевтің қолын жұлып әкетті. Завертеева ұрыс даласында жаудың толассыз миномет оқтарының астында Голубев жолдастың дер кезінде жарасын таңу арқылы оның өмірін сақтап қалды» [14].

310-шы атқыштар дивизиясының 245-ші жеке медико-санитарлық батальонының аға медбикесі Гудкова Ольга Анатольевна 1906 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1941 жылы шілде айында Ақмола АӘК бойынша еріктілермен келген.

11 мамыр 1942 жылы № 14/н бұйрығының және 11 наурыз 1944 жылы № 19/н бұйрығының негізінде «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен екі мәрте марапатталған.

Марапаттау парағынан: «Аға әскери фельдшер Гудкова Ольга Анатольевна Қызыл әскер қатарына ерікті ретінде келіп, 245-ші жеке медико-санитарлық батальонының алғашқы құрылу күндерінен аға хирургиялық медбике лауазымында. Жұмыс істеу уақытында өзін ең жақсы отансүйгіш азамат ретінде көрсете білді. Хирургиялық бригада құрамында хирург дәрігермен 257 ауыр ота жасады, әсіресе қыркүйек айында Путилово селосының түбінде Гудкова жұмыс істейтін бригада ота жасап жатқан сәтте жау авиациясы взводтың орналасқан жерін бомбалауға ұшыратса да, бригада отаны үзбей, әрі қарай жалғастыра берді. Гудкованың өмірінде мұндай мысалдар көп. Жараланған жауынгерлерге аналық мейіріммен қарайды. Батальон құрамында беделге ие. Сол себептен партия ұйымы Гудкованы партиялық бюроның хатшысы етіп сайлады. Хирургиялық бригада медбикесі мен партиялық бюроның хатшысы ретінде өз қызметін жақсы орындайды. Үздік атқарған жұмысы үшін Гудкова бөлім басшылығының екі алғыс хатымен және әскери құрамалар қолбасшылығының бір алғыс хатымен марапатталған. Гудкова үкімет пен партия шешімдерін өмірде белсенді түрде насихаттайды. Өз күшімен ұйымдастырылған көркемөнердің белсенді қатысушысы» [14].

314-шы атқыштар дивизиясының 243-ші жеке медико-санитарлық батальонының құрамындағы солтүстік қазақстандық әйелдер: Елисеева Анна Александровна, Лобахина Мария Александровна, Бочерикова Елена Ивановна, Головина Просковья Федоровна, Жвакина Вера Георгиевна [15, б. 27, 28].

Елисеева Анна Александровна 1912 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1941 жылдың 26 тамызында Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл ҚӘК-мен шақырылған [16, б. 80]. Соғыс жылдарында «Жауынгерлік ерлігі үшін» (4 желтоқсан 1941 ж.), «Ленинградты қорғағаны үшін» (5 шілде 1943 ж.), «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен (9 мамыр 1945 ж.) марапатталған.

9 ақпан 1945 жылы № 05/н бұйрығына сәйкес «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттау парағындағы ерлігі: «Елисеева медсанбатта аға хирургиялық медбике қызметінде жараланған жауынгерлер мен офицерлерге ота жасау үстелінің маңайында бірнеше тәулік бойы хирургтерге білікті хирургиялық көмек көрсетті. Ұрыс кезінде 800 адамға залалсыздандырылған материал дайындап, 30 минуттың ішінде 150-ден аса таңып байлауды жүзеге асырды, 15 қан құю ісін орындады» [14].

Лобахина Мария Александровна 1914 жылы туылған, орыс. Әскер қатарында 1941 жылдың 26 тамызында Солтүстік Қазақстан Петропавл ҚӘК-мен шақырылған [16, б. 80].

Марапаттау парағынан: «Лобахина 1944 жылдың 26 қаңтарында Кингисепп қаласының маңында ауыр жараланған және көшіруге мүмкін емес науқастарға көмек етуде ерекше көзге түскен. 30 рет қан құйып, 50-ден аса әртүрлі ерітіндіні көктамырға енгізіп, жараланған науқастарға шешелік мейірім танытып бірнеше тәулік бойы ұйқысыз, демалысыз көмек көрсеткен. Оның тікелей қамқоршылығының арқасында 30-дан аса жауынгер жақсы халде эвакуацияланды. Лобахина «Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне лайықты». Марапаттауға ұсынған 243-ші жеке медико-санитарлық батальонының командирі, медициналық қызметтің капитаны В. Сухичев. 15 ақпан 1944 жыл» [14].

9 ақпан 1945 жылғы № 05/н бұйрығына сәйкес үкіметтік «Қызыл Жұлдыз» орденіне марапаттау парағындағы М.А. Лобахина ерлігінің қысқаша баяндалуы: «Лобахина медсанбаттың аға медбикесі қызметінде операциядан кейінгі ауыр жараланған науқастарға көмектесуде және оларды емдеуде үлкен жұмыс атқарды. Оның көмегімен 30 ауыр жараланған науқас жақсы халде эвакуацияланды. Өзі жеке 20 рет қан құйып, 15 рет әртүрлі стерильді ерітінділерді енгізіп, 50-ден аса таңғыш ораған. Жұмыстан тыс уақытта жараланған жауынгерлер мен офицерлерге газет оқып, туғандарына хат жазуға көмектескен» [14].

Бочерикова Елена Ивановна 1919 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1941 жылдың 17 шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл ҚӘК-мен шақырылған [16, б. 80]. Соғыс жылдарында «Ленинградты қорғағаны үшін» (22 желтоқсан 1942 ж.), «Жауынгерлік ерлігі үшін» (8 наурыз 1944 ж.), «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен (9 мамыр 1945 ж.) марапатталған.

28 ақпан 1945 жылғы № 08/н бұйрығына сәйкес үкіметтік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Марапаттау парағынан: «Медсанбаттың аға медбикесі Бочерикова әскери шайқастар кезінде жараланғандар офицерлер мен қатардағы жауынгерлерге бірнеше тәулік бойы қызмет көрсетті. 30-дан аса қан құйып, 40-тан аса таңғыштар жасап, 10 ірі ота жасау барысына қатысты, 200 адамға залалсыздандырылған материал дайындады» [14].

314-шы атқыштар дивизиясының 471-ші медико-санитарлық батальонының құрамында солтүстік қазақстандық әйелдер Плескачевская Мария Тимофеевна мен Чернова Таисия Тарасовна болған.

Ақмола медициналық училищесінің түлегі, медбике Плескачевская Мария Тимофеевна 1922 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1941 жылдың тамыз айында Ақмола АӘК-мен шақырылған.

22 желтоқсан 1942 жылы «Сталинградты қорғағаны үшін», 20 сәуір 1943 жылы «Жауынгерлік ерлігі үшін», 31 желтоқсан 1945 жылы «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Плескачевская Мария Тимофеевна естеліктерінде: «дала госпитальдарында санинструкторлар, әскери фельдшерлер, медбикелер мен әскери дәрігерлер жараланғандардың өмірін сақтап қалуға барлық күш-жігерін салды. 15 сағат бойы хирургтер мен көмекшілер ота жасау үстелдерінен алыстамады» деп еске алған [17, б. 69].

Ерлігі: «471 мсб госпитальдық взводының аға медбикесі Плескачевская Қызыл әскер құрамында 1941 жылдың тамыз айынан, майдан даласында 1941 жылдың желтоқсанынан бастап. Оңтүстік-батыс майданда үнемі атқылаған оқтар астында хирургиялық топ құрамында болды. Ауыр жарақаттанған 900 адамға көмек көрсетті» [14].

Медициналық қызметтің лейтенанты Чернова Таисия Тарасовна 1919 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1941 жылдың тамыз айында Ақмола АӘК-мен шақырылған.

14 қазан 1944 жылғы № 037/н бұйрығына сәйкес «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттау парағынан: «Чернова медико-санитарлық батальонының құрамында құрылған күнінен қызмет етуде, осы уақыт ішінде өзін білікті медбике ретінде көрсетті. Жараланғандардың ағымы көп болғанда демалыссыз жауынгерлерге көмек көрсетумен болды. Қан құю техникасын жетік меңгеріп алған. Ұрыс кездерінде үнемі алдыңғы шепке хирургиялық топ құрамында ота жасауға, таңғыш орауға шығып отырған. Чернова ірі 150 ота жасауға қатысқан, ол 1800 жауынгерге хирургиялық көмек беріп, дәке таңған. Сол себептен де үкіметтік марапатқа лайықты» [14]. Сонымен бірге соғыс жылдарында «Сталинградты қорғағаны үшін» (22 желтоқсан 1942 ж.), «Жауынгерлік ерлігі үшін» (21 наурыз 1943 ж.), «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (31 желтоқсан 1945 ж.) медальдарымен де марапатталған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес үкіметі әйелдерді әскери қызметке тарту мақсатында бірнеше қаулылар шығарған, солардың ішіндегі тек ең ауқымдылары бойынша 1942 жылғы үш мобилизацияға сай әскер қатарына алынған солтүстік қазақстандық әйелдердің ерліктері төменде қарастырылатын болады.

Бірінші мобилизация Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес үкіметі әйелдерді әскери қызметке тарту мақсатында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 25 наурыздағы ГОКО № 1488сс «Комсомол қыздарды әуе шабуылына қарсы қорғаныс бөлімдеріне мобилизациялау туралы» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылды, онда келесі мамандықтар бойынша: телефонист, радист, зенит артиллериясының қару-жарақшысы, зенит артиллериясының барлаушылары, кейбір прожекторлық станциялардың, зенит пулеметтерінің және аэростаттардың бақылаушылары, сонымен бірге қызмет көрсету бөлімінің әртүрлі мамандары ретінде 19–25 жас шамасындағы 40 % толық орташа білім алған және 5–7 сыныптық білімдері бар 100 000 комсомол қыздарды әскер қатарына алу жоспарланды [18, б. 157].

Зерттелінген құжаттар негізінде көптеген ерлік істерді байланысшы және радист қыздардың жасағанын көруге болады. Қызыл әскердің әскери-есептік мамандықтары ішінде бұлар жаяу әскер қатарында.

Сол әйелдердің бірі телефонист қызметін атқарған Колесникова Анна Алексеевна, 1922 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1943 Ақмола облысы Щучинск АӘК-мен шақырылған.



Ерлігінен қысқаша баяндау: «Штабтық ротаның ең үздік телефонисі. Өз ісінің техникасын өте жақсы меңгерген. Кескілескен ұрыстар кезінде телефон коммутаторының жұмысын қамтамасыз етеді, жұмыстағы үлкен жүктемеге қарамастан үнемі басшылықтың телефон желісі арқылы келісімсөздерді өз деңгейінде жүзліуін жауаптылықпен орындайды. 13.10.1944 жылы Литва КСР-де телефон коммутаторына қызмет ету барысында жау толассыз оқтар жаудырып, коммутаторлық пункт ауыр оқ-дәрінің астында қалса да Колесникова өз жанын пайда етіп, ештеңеден қорықпай жұмысын әрі қарай жалғастыра берді. 23.10–28.10.1944 жылы Латвия КСР-нің Калинин деревнясында өз кезекшілігі кезінде жұмыстың ауыр қарқына қарамастан басшылықты байланыспен қамтыды. Ұрыс үстінде үздік байланыспен қамтамасыз ете алғаны үшін мемлекеттік «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталуға ұсынылады. Марапатқа ұсынушы: 130 ГОБС командирі, гвардия подполковнигі Злобин. Марапатқа ұсынылу күні: 28 қазан 1944 жыл» [14].

6-шы аралас авиакорпусының 291 жеке байланыс ротасының телефонист-телетайписті Климова Евдокия Сергеевна, 1920 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1942 жылы мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау АӘК-мен шақырылған.

1943 жылдың 5–11 шілде аралығында жасаған ерлігінен: «Телефонист-телетайпист Климова 6-шы аралас авиакорпусының 291 жеке байланыс ротасының құрамында 1943 жылдың наурыз айынан. Майданда 1942 жылдың мамыр айынан. Осы уақыт аралығында СТ–35 және Морзе телеграфты аппараттарын жақсы меңгерген. СТ-35 аппаратында сағатына 1500 сөз терсе, Морзе аппаратында 1 сағатта 500 топ құрайды. Әсіресе Климова 1943 жылдың 5 шілдесінен 11 шілдесі аралығында Орловск-Курск операциясының барысында ерекшеленді, онда телеграф аппараттарын тез және ширақ меңгергендігін көрсете алды. Әскери құжаттарды уақытылы қабылдап, тәулігіне телеграф аппараттары жалпы сөз саны 33500 сөзден тұратын 315 телеграмманың келуіне қарамастан әскери мәліметтерді бұрмалаусыз әрі қарай жіберіліп отыруын қамтамасыз етті. Тікелей байланыс барысында келіссөздерді тез жүргізді, басқа байланыстар бос болмағанда өзі жеке жолдастарына әскери бұйрықтардың жеткізілуіне тікелей көмек етті. Тәулігіне 12–15 сағат жұмыс жасап басқа телеграфистерге көмектесті» [14].

Радист Матюшко Анна Тимофеевна 1923 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1942 жылдың мамыр айында Ақмола облысы Щучинск АӘК-мен шақырылған.

«Ерлігі үшін» (18 тамыз 1943 ж.), «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (16 мамыр 1945 ж.) медальдарымен және «Қызыл Жұлдыз» орденімен (16 мамыр 1945 ж.) марапатталған [14].

Әскери ерлігінің қысқаша баяндалуы: «Майданда 1943 жылдың тамызынан. Шынайы ұрыстар барысында сержант Матюшка ерекше ержүректілік пен қаһармандық көрсетті. Кескілескен шайқастарда дивизия командирінің корпус командирімен байланысын үзіліссіз жұмыс жасауын қамтамасыз етті. Одер өзені бойындағы ең кескілескен ұрыстарда жаудың толассыз оғының астында радиобайланыстың үздіксіз болуын жүзеге асырды. Ынталы, тапқыр радист ауыр сәттерде сасқалақтамайды, жұмысына ықтуатты, радиостанцияда тәулігіне 16–18 сағат кезекшілік етіп, барлық күш-жігерін үздіксіз радиобайланыспен қамтамасыз етуге жұмсайды» [14].

Сержант Ельцова Мария Федоровна, 1923 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1942 жылдың мамыр айында Солтүстік Қазақстан облысы Красноармейск АӘК-мен шақырылған. 37 гвардиялық дивизиясының 40-шы жеке гвардиялық барлаушы ротасының барлаушысы.

Майданда 1942 жылдың қазан айынан, Ұлы Отан соғысының келесі майдандарының қатысушысы: Калинин майданы (1942 ж. қазан), Волховск майданы (1942 ж. желтоқсан), Ленинград майданы (1943 ж. ақпан), Орталық майдан (1943 ж. мамыр), Витебск бағытындағы майдан (1944 ж. мамыр), Прибалтика майданы (1944 ж. тамыз), II Белорус майданы (1945 ж. қаңтар).

Марапаттау парағынан: «Гвардия сержанты Ельцова Мария Федоровна 1942 жылдың қазан айынан 1945 жылдың қаңтар айына дейін бақылау ротасында өзін тәртіпті, бұйрықтар мен нұсқауларды бұлжытпай орындайды. Одер өзенін шабуылдау кезінде гвардия старшинасы Ельцова Одердің батыс жағында болған барлаушыларды уақытылы тамақпен қамтамасыз етіп отырды. II Белорус майданы бойынша № 0131 бұйрыққа сәйкес гвардия старшинасы Ельцова «Қызыл Жұлдыз» орденіне лайықты» [14].

Келесі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 13 сәуірдегі ГОКО № 1595сс «Майдандағы, армиядағы және байланыстың батыс бөлімдерінде, байланыстың тылдағы орталығындағы қызыл әскерлерді әйелдермен алмастыру туралы» Қаулысының бірінші пунктінде: «Майдандағы, армиядағы және байланыстың батыс бөлімдерінде, байланыстың тылдағы орталығындағы Қызыл

әскерлерді 30 мың әйелдермен алмастыру туралы. Оған сәйкес келесі мамандықтар бойынша: а) бодистер, эстистер, морзистер, телефонистер, радистер, телеграф техниктері, телефон-телеграф шеберлері, радиомастерлер, кино-радиомеханиктер, дала поштасының жұмыскерлері мен экспедиторлар — барлығы 24 144 адам. б) сызбашы, кеңсе хатшысы, іс жүргізуші, аспазшы, қоймашы, фельдшер, кітапханашы, тігінші және басқа да қызмет көрсетушілер — барлығы 5856 адам» [19, б. 105–107] мобилизациялау жоспарланды.

Әскери мамандықтар ішіндегі ерекше деп әскери аспазшы кәсібін атауға болады. Майдандағы аспазшыларға солдаттар мен офицерлер ерекше ілтипат көрсеткен. Бұл Қызыл әскердің әскери-есептік мамандықтар тізімінде қызмет көрсету құрамына жатқызылған.

Аспазшы Лозицкая Мария Яковлевна 1921 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1943 жылдың 6 ақпан айында Ақмола облысы Атбасар АӘК-мен шақырылған. 11-жеке гвардиялық танк полкінің 3 танк батальонының гвардия кіші сержанты аспаз қызметін атқарған.

«Ұрыс кезінде 12 маусым 1944 жылы Редну Митрополия маңында бөлім аспазы қызметін атқару барысында жауынгерлік экипаждар үшін уақытылы дәмді және сапалы тамақ дайындады. Бірнеше рет жаудың жаудырған минометтік артиллериялық оқтарының астында танкшыларға тамақты жеткізумен айналысты».

Қорытынды 3-танк батальонының гвардия капитаны Панфиловпен: Жауынгерлік экипаждар үшін уақытылы сапалы тамақ дайындағаны үшін мемлекеттік «Ерлігі үшін» марапатқа ие болуға лайықты деп берілген [14].

Иванова Мария Филипповна 224-ші гвардиялық атқыштар полкінің 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 3-ші атқыштар батальонының взвод аспазшысы, қатардағы жауынгер, 1915 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1942 жылы 18 наурызда Солтүстік Қазақстан облысының Чистоозерск АӘК-мен шақырылған.

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне ұсынылған марапат парағынан: «Грон өзенінің батыс жағалауында жаудың ауыр артиллеристік-минометтік оқтарының астында батальонның алдыңғы шебіндегі офицерлер мен жауынгерлерге дер кезінде ыстық тамақты әкеліп отырған. Немістердің толастамаған оқтарына қарамай әрбір жауынгер үшін тамақты жеткізіп беріп отырған, осы үшін оны батальонның офицерлері мен жауынгерлері аса құрметтейді. Тамақты дәмді және уақытылы дайындауға тырысады. Кезекті ұрыс кезінде Солдико селосының маңында 1945 жылдың 18 ақпанында өзі жараланған» [14].

Аспазшы Никитченко Ираида Васильевна, украиндық. 1920 жылы туылған. Әскер қатарына 1942 жылы 11 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысының Пресновск АӘК-мен шақырылған.

«Күнделікті жауынгерлерге күтім жасап, әскердің ұзақ уақытқа шабуыл жасау кезінде дәмді ас дайындап, жауынгерлерді ыстық тамақпен қамтамасыз еткені үшін 1945 жылдың 30 мамырындағы № 018/н бұйрығымен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған [14].

Қаулының «б» тармағына сәйкес мобилизациялауға қарастырылған кеңсе хатшылары мен іс жүргізушілері де Қызыл әскердің әскери-есептік мамандықтар тізіміне сәйкес қызмет көрсететін құрамға жатқан.

II дәрежелі бақылаушы Мальцева Анна Георгиевна, 1924 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1943 жылы Петропавл АӘК-мен шақырылған. 1943 жылдан 60-шы армияның құрамында әскери цензура бөлімінде әскери қызметін өтеген.

«Жауынгерлік ерлігі үшін» (24 ақпан 1945 ж.) және «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (9 мамыр 1945 ж.) медальдарымен марапатталған.

Марапаттау парағынан: «Жұмысына өте ықтуатты, әділ, барлық күш-жігерін неміс басқыншыларына қарсы күреске жұмылдырған. Соңғы 3 айда Мальцева майданнан және тылдан келетін 130 мың хатты бақылаған, тексеру барысында аса қырағылық танытып маңызы бар оперативті және ақпараттық мәліметтерге ие болды» [14].

322-ші атқылаушы авиациялық дивизиясының оперативті барлау бөлімі басқармасының кеңсе хатшысы-машинист, кіші сержант Коваль Вера Кирилловна. 1923 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1942 жылы Петропавл АӘК-мен шақырылған.

15 наурыз 1944 жылғы № 03/н бұйрығына сәйкес әскери ерлігінің баяндалуы: «Писарь, аға машинист жұмысын атқару барысында Коваль өзін қиындықтарға қарсы тұра алатын кіші командир ретінде көрсете алды. Дивизияның I-ші Прибалтикалық майдан кезінде уақытпен санаспай әскери бұйрықтарды, нұсқаулықтарды және оперативті құжаттарды күнімен-түнімен терді, осы әрекетімен дивизияның әскери тапсырмаларды сәтті орындауына тікелей әсер етті. Әскери және оперативті

құжаттарды тез, әрі Қызыл әскердің штабтарына дала қызметіне қойылатын талаптарға және НКО № 0150 бұйрығына сәйкес теріп отырды. Кез-келген жағдайда әскери және оперативті құжаттарды қабылдап және жіберіп отырғаны үшін, әскери бұйрықтарды, нұсқаулықтарды және оперативті құжаттарды уақытылы және сауатты тергені жалпы дивизияның әскери тапсырмаларды сәтті орындауына тікелей әсер еткені үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне лайықты» [14].

Екі аптаға жетер жетпес уақыт аралығында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 18 сәуірде ГОКО–№ 1618сс «Тылдағы бөлімдер мен Қызыл әскердің әскери әуе күштерінің мекемелерінде әскери қызметкер еркектерді әйелдермен алмастыру туралы» Қаулысы қабылданды. Бұл Қаулыға сәйкес әйелдердің үшінші ауқымды мобилизациясы жарияланды. Бұл жолы жастары 19–25 шамасындағы 40 000 әйел әкімшілік-шаруашылық қызметтерге (қойма меңгерушісі, жүргізуші, тракторшы, аспаз, қоймашы, есепші) және алдыңғы шақыртуларды толықтыру үшін қосымша байланыс әскеріне бағытталды. Мобилизацияланған әйелдердің бір бөлігі алдымен оқыту курстарына жіберіліп, кейін 1,5–2 айдан соң майданға аттандырылса, екінші бөлігі мобилизациялаудан кейін бірден майданға жіберіліп отырды. Бұл Қаулының 4-тармағына сәйкес әскери қызметтен босатылған жауынгерлер мен кіші командирлерді майданның жердегі және авиациялық бөлімдерін толықтыруға жіберу қарастырылды [20, б. 106–108].

Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарының әскери комиссариаттарынан майданға шақырылған әйелдерді зерттеу барысында көбіне әуе әскерінде әйелдер қосымша қызметтерге (авиақаруландыру ісінің ісмерлері, бомбалаушы ұшақтарды қару-жарақтармен жабдықтайтын ұшақ механиктері, арнайы электрожабдықтар шеберлері, мотористер және т.б.) тағайындалып, ұшақтардың және оның қарулануын күнделікті қамтамасыз етумен байланысты жұмыстарды атқарғаны анықталынды.

249 авиациялық дивизиясының 305 истребительді авиациялық полкінің 3-авиаэскадрильясында авиақаруландыру ісінің ісмері, кіші сержант Шамшура Жүсіпова 1921 жылы туылған, қазақ. Қызыл әскер қатарына 1942 жылдың 24 маусымында Ақмола АӘК-мен шақырылған.

2 қыркүйек 1945 жылғы № 0147 бұйрығы бойынша «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапаттау парағынан: «305 истребительді авиациялық полкінің кіші сержанты Жүсіпова авиақаруландырудың материалдық бөлігін өте жақсы игерген. Қаруландырудың материалдық бөлігіне қатысты жұмыстарды өз бетінше жүзеге асырады және материалдық бөлігін өте таза ұстайды. Жапон жаулап алушыларына қарсы әскери іс–қимылдар барысында Жүсіпова Шамшура дайындаған самолет толығымен жабдықталған, 6 рет әскери амалдарға қатысып, жұмысында ақау болмады» [14].

Өмірі ұшақпен байланысты болған тағы бір қазақ қызы, ұшақ механигі мамандығын игерген көкшетаулық Мәдина Ысқақова. 1924 жылы туылған, қазақ. 1942 жылы мамыр айында ол жеке куәліктегі 1924 жылды 1921 жылға ауыстырып, өз еркімен әскери бөлімшенің әскер қатарына қабылдау пунктсіне барған, онда 17 қызды іріктеп алып Кемерова қаласындағы әуе байланысы мектебіне жібереді. 6 ай бойы қыздар 2 жылға жоспарланған бағдарламаны күніне 14–16 сағат бойы игерген. Авиациялық құрылғылардың бақылаушысы маманы болған Мәдина Ысқақова самолеттің оттегімен жабдықталуын қадағалаған. Кемерова қаласындағы әуе байланысы мектебін бітірген соң 240-шы жойғыш авиация полкіне қабылданып, атақты ұшқыш Иван Кожедубтың жеке механигі болды. Будапешт, София, Вена, Курск, Орел, Белгород қалаларын жаудан азат етуге қатысқан. Иван Кожедуб 330 рет әскери әуе шайқасына қатысып, жаудың 62 ұшағын жойғаны үшін үш мәрте Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды, осы ерлікке Мәдинаның да үлесі бар екені анық [21, б. 24–25].

Қызыл әскердің әскери-есептік мамандықтар ішінде қатардағы жауынгер құрамына мергендер жатқызылды.

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 13 мамырдағы ГОКО–№ 1744сс «Майдандағы мергендерге атақтарды тағайындау және еңбекақысын көтеру туралы» Қаулысына сәйкес мергендік істі дамыту үшін және мергендердің әскери қызметін ынталандыру мақсатында өз жұмысын өте жақсы игерген мергендерге оқу бітірген соң ефрейтор лауазымын беріп, 1942 жылдың 1 мамырынан мерген-ефрейтордың жалақысын айына 25 сом етіп тағайындау. Ұрыс даласында ерекшеленген мерген-ефрейторларға кіші сержант және сержант лауазымын беріп, 1–2 жыл әскери қызметте болғандарға — 30 және 35 сом, 3 жыл әскери қызметтегі кіші сержант пен сержантқа — 100 және 200 сом тағайындау туралы қарастырылды. Мемлекеттік марапаттарға ұсынған кезде шайқастардағы ерекшеленген мергендерге баса назар аудару қажеттілігі туралы айтылды [22].

Осы мергендердің қатарында ерліктерімен көзге түскен солтүстік қазақстандық әйелдер болған. Олар: Киселева Нина Александровна мен Ванцакова Анна Григорьевна (Ақмола облысы Ақмола АӘК-мен шақырылған), Осина Мария Федоровна, Землянова Мария Никитична, Поротикова Мария Александровна, Коталевич Тамара Григорьевна, Носырава Екатерина Григорьевна, Шишкина Мария Иосифовна, Цыпченко Надежда Ивановна (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют АӘК-мен шақырылған), Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл ҚӘК-мен шақырылған Григорьева Любовь Семеновна [14]. Осы аталған мерген-әйелдердің кейбіреулерінің ерліктеріне тоқталайып өтейік.

Осина Мария Федоровна, 1922 жылы туылған, орыс. 1943 жылы әскер қатарына Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют АӘК-мен шақырылған. 63-атқыштар полкі 1-атқыштар ротасының снайпері. Ерлігі: «1-атқыштар ротасының снайпері Осина Мария Федоровна 1944 жылдың 22 маусымында ұрыс даласындағы жау оқтарының астынан 10 жараланған жауынгерлерді қаруларымен алып шықты. Өзінің әскери есебінде 6 жойылған жауға ие».

1944 жылдың 26 маусым № 055 бұйрығына сәйкес 63-атқыштар полкі 176-атқыштар дивизиясы бойынша «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған [14].

Ефрейтор Киселева Нина Александровна, 1920 жылы туылған, орыс. Әскер қатарына 1943 жылы Ақмола АӘК-мен шақырылған. 122 атқыштар дивизиясының 596 атқыштар полкінің мергені.

Әскери ерлігінің қысқаша сипаттамасы: «Киселева жолдас 2 сәуір 1944 жылы алдыңғы шепте жаудың толассыз оғының астында неміс-фин жаулап алушыларын қырып-жоюда шебер. Мергендік істі жоғары дәрежеде меңгеріп, күндіз-түні өміріне қауіп төніп тұрса да біздің қорғаныстың алдыңғы шебіне бірінші болып жер бауырлап барып, жауды қырағылықпен аңдып, дәлдеп оқ жібереді. Қауіпті елемей ол бар күш-жігерін Отан қорғауға бағыттайды. Өзінің әскери, жанкешті әрекеттерімен басқа мерген қыздарды фашистерді жоюға еліктіреді. Қиындықтар мен әскери ауыртпашылықтарға қарамастан өзінің мергендік винтовкасымен 6 неміс-фин жаулап алушыларының көзін жойды. Өзінің әскери шеберлігі мен дағдыларымен басқа мерген қыздарға үлгі болып, оларға неміс жаулап алушылармен күресте олардың ерік-жігерлеріне сенім ұялатты. Қорытынды: мергендік істі шебер меңгергені үшін, оны істе жауды жоюға нәтижелі қолданғаны үшін мемлекеттік марапатқа лайықты».

1944 жылдың 5 маусым № 0229 бұйрығына сәйкес, әскери тапсырманы үлгілі орындағаны үшін және неміс жаулап алушыларымен күресте жауынгерлік айбын мен ерлік көрсеткені үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған [14].

#### *Қорытынды*

Осылайша, әйелдердің Ұлы Отан соғысы жылдарында жеңіске қосқан үлесі өте ауқымды. Солтүстік қазақстандық әйелдер Ұлы Отан соғысында ғаламат табандылық пен теңдесі жоқ ерліктің үлгісіндей бола алды. Әйелдердің әскери мамандықтарды игеруі, шайқастар кезіндегі қайсарлықтары, нәзікжандылардың ерен ерліктері, атқылаған оқтар астында басқаның жанына араша түсуі, Отанды қорғауға қосқан жеке үлестері тәнті етпей қоймайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық әскер қатарына шақырылған және еріктілер құрамында болған солтүстік қазақстандық әйелдердің санын нақтылап көрсету мүмкін емес. КСРО бойынша Бас штабтың ұйымдастыру-мобилизациялау басқармасының берген мәліметіне сәйкес әскери қызметке 490 235 әйел шақырылған. Басқа мәліметтерде соғысқа қатысқан әйелдердің саны 800 мыңнан 1 миллионға дейін деп көрсетіледі. Бұл Бас штабтың ұйымдастыру-мобилизациялау басқармасы өзінің есебіне тек әскери қызметтегі әйелдерді ғана есепке алуымен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен бірге, Қызыл әскер қатарына әйелдерді мобилизациялаудың шарықтау шегі 1942 жылға сай келген (47,9 % құраған). Әрине бұл әйелдердің барлығы дерлік әскери іс-қимылдарға қатыспаған, жауынгер әйелдер көбіне авиация әскерінде, флотта және атқыштар әскерінде көптеп кездескен. Басым көпшілігі байланыс бөлімдерінде, автомобиль, гидрометеорологиялық әскер қатарында, тылдағы қызмет көрсету бөлімдерінде, әскери-медициналық бөлімдерде және т.б. болған. Сонымен бірге ұрыс даласынан алыс орналасқан зенит артиллерияларының бөлімдерінде, әуе бақылау бөлімдерінде, прожекторлық бөлімдерде көптеп әскери қызметтерін өтеген. Жарияланған құжаттар арқылы әскер қатарына шақырылған әйелдердің қызмет ету аясының кең болғандығын байқауға болады.

Зерттеу жұмысының барысында солтүстік қазақстандық майдангер әйелдер туралы электрондық база құрастырылды, онда әрбір әскер қатарына шақырылған әйелдің аты-жөні, туған жылы, майданға қашан және қайдан шақырылғаны, қызмет ету орны, әскери шені, марапаттары, қайда жерленгендігі туралы мәліметтер қарастырылды. Нәтижесінде 870 солтүстік қазақстандық майдангер әйелдер туралы мағлұмат жинақталды, жұмыс әлі де жалғасуда.

*Ұсыныстар*

Тарихнамада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері тарихшылардың кешенді зерттеулерінің объектісі бола алмады. Аталған мәселенің тарихнамада жеткілікті тұрғыда қарастырылмауы осы мәселеге жіті назар аударуды талап етеді. Сонымен бірге соғыстағы әйел феномені, әйелдердің сұрапыл соғысты жеке қабылдау ерекшеліктері, майдандағы әйелдерге деген еркектердің қатынасы, майдандағы әйелдердің күнделікті өмір тарихы сияқты мәселелерді гендерлік тұрғыдан зерттеу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Барсукова Н.В. Женщины в Вооруженных Силах СССР в 1941–1945 гг. (по материалам Краснодарского края): автореф. дис. ... канд. ист. наук: спец. 07.00.02 — «Отечественная история» / Н.В. Барсукова. — Красноярск, 2005. — 23 с.
- 2 Сенявская Е.С. Человек на войне. Историко-психологические очерки / Е.С. Сенявская. — М.: Ин-т Российской истории РАН, 1997. — 232 с.
- 3 Мурманцева В.С. Советские женщины в Великой Отечественной войне / В.С. Мурманцева. — М.: Знание, 1987. — 64 с.
- 4 Великая Отечественная война без грифа секретности. Книга потерь / Г.Ф. Кривошеев, В.М. Андроников, П.Б. Буриков, В.В. Гуркин. — М.: Вече, 2010. — 384 с.
- 5 ҚР ПМ. — Қ. 708. — Т. 9. — І. 1363.
- 6 АОММ. — Қ. П-51. — Т. 1. — І. 190.
- 7 ҚР ОММ. — Қ. 1660. — Т. 1. — І. 24.
- 8 АОММ. — Қ. 258. — Т. 9. — І. 474.
- 9 АОММ. — Қ. П-1. — Т. 1. — І. 256.
- 10 АОТӨМ ағымдық мұрағат қорынан. КПФ 1013.
- 11 АОММ. — Қ. 1525. — Т. 1. — І. 148.
- 12 ЦАМО РФ. — Қ. 36649. — Т. 25627. — І. 3.
- 13 ЦАМО РФ. — Қ. 1618. — Т. 2. — І. 37
- 14 Электронный банк документов «Подвиг народа в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://podvignaroda.ru/?#tab=navHome>.
- 15 ЦАМО РФ. — Қ. 1623. — Т. 2. — І. 18.
- 16 ЦАМО РФ. — Қ. 1623. — Т. 2. — І. 6.
- 17 АОММ. — Қ. П-51. — Т. 1. — І. 183.
- 18 РГАСПИ. — Қ. 644. — Т. 2. — І. 43.
- 19 РГАСПИ. — Қ. 644. — Т. 2. — І. 51.
- 20 РГАСПИ. — Қ. 644. — Т. 2. — І. 53.
- 21 Мэри. Естеліктер мен деректі әңгімелер / Құраст. А. Шикатаева. — Алматы: Телеарна, 2015. — 104 б.
- 22 Материалы Государственного комитета обороны СССР за май 1942 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194205/gko\\_1744.html](http://teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194205/gko_1744.html).

Г.А. Мухатаева

**Подвиг североказахстанских женщин  
в годы Великой Отечественной войны**

Женский вопрос в современном обществе вызывает неподдельный интерес у большинства исследователей. Актуальность данной проблемы возрастает также в связи с возникновением новых направлений в зарубежной историографии женской проблематики, идущих по пути гендерных разработок. Подобные тенденции прослеживаются и в трудах современных казахстанских историков. Анализ уроков Великой Отечественной войны невозможен без исследования вклада в Победу социально-демографической группы населения, в том числе и женщин. В течение длительного времени участие женщин в боевых действиях носило эпизодический характер, и только в годы Великой Отечественной войны оно получило массовый характер. Женщина в Великой Отечественной войне наравне с мужчиной проявляла мужество, отвагу, силу духа в борьбе с врагом. Изучение женского вопроса в период Великой Отечественной войны требует учета специфики решения этого вопроса в каждом, отдельно взятом регионе. Статья посвящена героизму женщин, призванных на фронт из Акмолинской и Северо-Казахстанской областей Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Описаны подвиги военнослужащих-женщин, основанные на архивных материалах и электронном банке документов «Подвиг народа в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.». Автором показано,

что простые и незаметные героини достойно воевали на всех фронтах, день за днем совершая героические подвиги и приближая День Победы.

*Ключевые слова:* Великая Отечественная война, женщины, Северный Казахстан, Акмолинская область, фронт, армия, мобилизация, подвиг.

G.A. Mukhataeva

## The feat of women of North Kazakhstan in the years of the Great Patriotic War

Women's issue in modern society is attracting more and more attention of researchers. The relevance of this problem is also increasing due to the emergence of new trends in foreign historiography of women's issues, which are moving along the path of gender development. Similar trends can be seen in the works of modern Kazakhstani historians. An analysis of lessons of the Great Patriotic War is impossible without studying the contribution to the Victory of socio-demographic group of population, including women. For a long time, the participation of women in hostilities was sporadic, and only during the years of World War II did it become widespread. A woman in the Great Patriotic War, on a par with a man, showed courage, fortitude in the fight against the enemy. The study of women's issue during the Great Patriotic War requires taking into account the specifics of solving this issue in each separately taken region. The article is dedicated to the heroism of women conscripted to the front from Akmola and North Kazakhstan regions of Kazakh SSR during the years of World War II (1941–1945). The feats of women military personnel based on archival materials and electronic bank of documents «The Feat of Peoples in the Great Patriotic War of 1941–1945» are described. The author shows that simple and inconspicuous heroines fought with dignity on all fronts, day after day making heroic deeds and bringing the Victory Day closer.

*Keywords:* The Great Patriotic War, women, Northern Kazakhstan, Akmola region, front, army, mobilization, feat.

### References

- 1 Barsukova, N.V. (2005). Zhenshchiny v Vooruzhennykh Silakh SSSR v 1941–1945 hh. (po materialam Krasnodarskogo kraia) [Women in the armed forces of the USSR in the years 1941–1945 (by materials of the Krasnodar territory)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Krasnoyarsk [in Russian].
- 2 Senyavskaya, E.S. (1997). *Chelovek na voine. Istoriko-psikholohicheskie ocherki [A man at war. Historical and psychological essays]*. Moscow: Institute of Russian history RAS [in Russian].
- 3 Murmantseva, V.S. (1987). *Sovetskie zhenshchiny v Velikoi Otechestvennoi voine [Soviet women of the great Patriotic war]*. Moscow: Znanie [in Russian].
- 4 Krivosheev, G.F., Andronikov, V.M., Burikov, P.B., & Gurkin, V.V. (2010). *Velikaia Otechestvennaia voina bez hrifa sekretnosti. Kniha poter [The Great Patriotic war without a stamp of secrecy. Book of losses]*. Moscow: Veche [in Russian].
- 5 QR PM [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan]. Q. 708, T. 9, I. 1363 [in Kazakh].
- 6 AOMM. [State archive of Akmola region]. Q. P–51, T. 1, I. 190 [in Kazakh].
- 7 QR OMM [Central state archive of the Republic of Kazakhstan]. Q. 1660, T. 1, I. 24 [in Kazakh].
- 8 AOMM [State archive of Akmola region]. K. 258, T. 9, I. 474 [in Kazakh].
- 9 AOMM [State archive of Akmola region]. K. P–1, T. 1, I. 256 [in Kazakh].
- 10 AOTOM ahyndyq muragat qorynan [Akmola regional local history Museum]. KPF 1013 [in Kazakh].
- 11 AOMM [State archive of Akmola region]. Q. 1525, T. 1, I. 148 [in Kazakh].
- 12 TSAMO RF [Central archive of the Ministry of defense of the Russian Federation]. F. 36649, O. 25627, D. 3 [in Russian].
- 13 TSAMO RF [Central archive of the Ministry of defense of the Russian Federation]. F. 1618, O. 2, D. 37 [in Russian].
- 14 Elektronnyi bank dokumentov «Podvih naroda v Velikoi Otechestvennoi voine 1941–1945 hh.». (n.d.). *podvignaroda.ru*. Retrieved from <http://podvignaroda.ru/?#tab=navHome> [in Russian].
- 15 TSAMO RF [Central archive of the Ministry of defense of the Russian Federation]. F. 1623, O. 2, D. 18 [in Russian].
- 16 TSAMO RF [Central archive of the Ministry of defense of the Russian Federation]. F. 1623, O. 2, D. 6 [in Russian].
- 17 AOMM [State archive of Akmola region]. F. P-51, O. 1, D. 183 [in Kazakh].
- 18 RHASPI [Russian state archive of socio-political history]. F. 644, O. 2, D. 43 [in Russian].
- 19 RHASPI [Russian state archive of socio-political history]. F. 644, O. 2, D. 51 [in Russian].
- 20 RHASPI [Russian state archive of socio-political history]. F. 644, O. 2, D. 53 [in Russian].
- 21 Shikataeva, A. (2015). *Meri. Estelikter men derekti angimeler [Mary: memoirs and documentary stories]*. Almaty: Telearna [in Kazakh].
- 22 Materialy Hosudarstvennoho komiteta oborony SSSR za mai 1942 hoda [Materials of the USSR State Defense Committee for May 1942]. (n.d.). *teatrskazka.com*. Retrieved from [http://teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194205/gko\\_1744.html](http://teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194205/gko_1744.html) [in Russian].

A.Zh. Myrzakhmetova\*, I.D. Khlebnikov, T.A. Rezvushkina, N.V. Karaseva

*Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan  
(E-mail: amyrakhmetova@gmail.com, press.ksu@mail.ru, rezvushkina\_t78@mail.ru, nataliarusikina@mail.ru)*

## **Regulatory framework for the formation of information culture of modern Kazakhstan youth**

The article analyzes the regulatory framework for the formation of the information culture of modern Kazakhstan youth. The authors present the main components that form the general information culture of society, including information, media and digital literacy, digital infrastructure. Researchers have identified the main areas of state activity, which reflects this problem, namely state policy in the field of creation and development of the state information infrastructure, e-government, educational and media policy, cyber security and child safety. The article also provides an overview of international legislation and international regulatory experience, from the 1982 Grunewald Declaration of UNESCO to the Council of Europe Strategy for the Rights of the Child (2016–2021). The current situation in Kazakhstan is confirmed by official statistics of the Committee of Statistics of the Republic of Kazakhstan. The authors conclude that not all spheres of the formation, development and regulation of the information culture of Kazakhstan society, including youth, are in the focus of attention of state structures. Some measures are taken late, or do not have specific mechanisms for functioning and implementation. According to the authors, in the context of the COVID-19 pandemic and, consequently, the transition to distance learning, more than 90 % of Kazakhstan children turned out to be active users of information and communication technologies, daily encountering all the opportunities and potential threats posed by the global Internet.

*Keywords:* information culture, information and digital literacy, media literacy, digital infrastructure, security, state regulation, «Digital Kazakhstan», state regulation, legal acts.

### *Introduction*

The problem of the formation of an information culture of youth at the present stage of development of society acquires special significance. Information is rightly perceived as one of the most important social, political and economic resources, and society is becoming more informational. In the context of the COVID-19 pandemic and the associated restrictions on physical contacts of people, the importance of skills in working with information flows, the ability to use traditional and innovative capabilities in the field of information has acquired strategic importance. Today, a person needs a fairly high level of culture of handling information, the availability of developed skills for its search, transmission, processing and analysis, as well as the ability to practically use information resources for the purpose of training and solving professional problems.

The transformation of society is determined not only by the complication of information and communication technologies and telecommunication systems, but also by the formation of a fundamentally new information sphere of life. The number of people involved in the information field is increasing more and more, and they act as not only consumers of information, but also producers of information services and resources.

### *Methodology and research methods*

An important element of the logical analysis of information culture is the consideration of this concept in the system of categories «culture», «actual culture» and «computer culture».

The content of the concept of «culture» is obviously wider than the content of the concept of «information culture». Culture as a whole provides a person with the opportunity to carry out social interaction, interaction with other people, while information culture acts as a condition that ensures this perception in certain situations. Information culture acts as part of the overall culture, providing a number of its characteristics. The basis for the development of information culture is the changed social situation, which necessitated the continuous replenishment and updating of knowledge, the receipt and use of new information.

---

\* Corresponding author. E-mail: amyrakhmetova@gmail.com (A.Zh. Myrzakhmetova)

General and informational culture includes the norms and values of the sociocultural system, while having various carriers. For a general culture, society as a whole, a social group, and a personality act as a subject. The information culture is represented mainly at the personal level, as a result of which a sociological study requires consideration of the personal representation of the values, norms and skills of information culture.

The relationship between information and general culture is provided by the current culture of society. The concept of relevant culture delimits that part of the general culture that actually functions in a given society or social group in a specific historical period [1, p. 95]. At the same time, the concept of «information culture» is broader than the concept of «actual culture», since it contains knowledge acquired by a person not only about modern culture, but also about cultures of the past.

Thus, a common culture acts as a common system in relation to informational and relevant cultures. These concepts can be correlated with each other as general, special and singular.

The logical elements of the concept of information culture are revealed in comparison with the concepts of «learning culture» and «computer culture», which intersect each other both in content and in meaning. Information culture has a direct instrumental impact on activities in the process of training, education, and the formation of professional qualities. The culture of learning should be understood as a method and measure of the formation, development and implementation of social and professional qualities of the individual [2, p. 28].

In terms of content, the relationship between the concepts of information culture and the culture of learning is quite contradictory. On the one hand, the concept of a culture of learning is narrower, since this type of culture is localized in the framework of one type of social activity. On the other hand, the culture of learning is broader than informational, since it contains a huge stock of institutional knowledge and values. In this sense, information culture should be considered as one of the tools of the learning process. In terms of the correlation of information and computer culture, it should be noted that computer culture is included in the structure of information culture as one of its most important elements, providing organizational conditions for search, perception and mastery necessary information. The widespread use of computer technology significantly affects the formation of the information culture of the individual. However, the concept of «computer culture» is not identical to the concept of «information culture», since it is much more recent in the substantial sense.

A logical analysis of the concept of «information culture» allows us to distinguish it as an independent concept, which is part of the culture of society. Its specificity lies in the instrumental orientation, which contributes to the formation of both the culture as a whole and its individual types, especially the culture of education and the future professional culture.

The concept of «information culture» in sociological science has many interpretations. Some authors define information culture by highlighting its pragmatic nature. In this case, information culture is defined as the best way to handle knowledge, information and provide it to an interested consumer to solve theoretical and practical problems [3, p. 24]. Other researchers point to such a quality of information culture as the individual's ability and ability to store, receive, transform and transmit information. Information culture is also associated with the development of a training system, preparing a person for the effective use of information tools and information. Often, information culture is understood as «a social phenomenon of an integrative nature, which consists of a system of information representations and activities» [4, p. 13]; or is it considered «as part of a common culture, consisting of an alloy of information worldview, information literacy and literacy in the field of information and communication technologies» [5, p. 26]. These definitions fix the relationship of information culture with the skills of searching and using information, but they do not take into account aspects due to social interaction based on the information received.

In this regard, a number of researchers consider the concept of «information culture» in the framework of the activity approach. Pointing to the informational essence of creativity, V.A. Lozova, I.N. Pugin investigate this problem through the structure of human intellectual activity [6, p. 100]; E.S. Zharikov [7, p. 55], V.M. Livshits, O.S. Razumovsky analyze this problem in direct connection with the optimization of creative activity [8, p. 45].

At the cognitive level of information culture, information is value-based; in modern culture, knowledge and the time it takes to master it often becomes more important than money capital [9, p. 39]; D. Bell understands knowledge as «a set of organized statements about facts or ideas that represent a reasonable judgment or experimental result that is transmitted to others through some means of communication in some systematic form» [10, p. 333]. The knowledge and social values of information culture include: knowledge of the



general principles and laws of information; possession of relevant professional and/or training information; unprofessional, ordinary knowledge, elements of unsystematized knowledge from various professional fields, especially humanitarian, which is important for the development of an individual's worldview.

Мақалада 2018 ж. ШЫҰ-ның Үндістан мен Пәкістанның есесіне кеңеюінен кейінгі Ұйымның дамуының жаңа тенденциялары қарастырылған. ШЫҰ-ның кеңеюі оның саяси-экономикалық үлесінің айтарлықтай өскенін көрсетеді. Авторлар қазіргі кезеңдегі ауған шиеленісуін реттеудегі «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобының қызметіне талдау жасаған. Егер, бұрын Ауғанстан орта-азиялық қауіпсіздіктің сыртқы факторы ретінде қарастырылса, ендігі кезекте Ауғанстандағы жағдайды реттеу ШЫҰ-ның болашақтағы жұмысы үшін өте өзекті болып табылады. Мақалада Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздік мәселелері өзінің өзектілігін жоғалтпағандығы көрсетілген. Мақала авторлары қазіргі кезеңдегі ауған мәселесін реттеу бойынша «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобы мен мәскеулік және ташкенттік келіссөздер форматтарының қызметтеріне салыстырмалы талдау жасаған. Авторлар 2020 ж. 29 ақпанындағы АҚШ пен «Талибан» арасындағы Ауғанстан территориясынан американдық әскерлерді шығарудың мерзімі жөніндегі келісімшартқа қол қойған АҚШ белсенділігіне байланысты ШЫҰ-ның ауған мәселесін реттеудегі мүмкіндіктері шектеулі деген қорытынды жасайды. Дегенмен, бірқатар себептердің арқасында АҚШ пен талибтар келісімшарт ережелерін орындамау себептеріне байланысты ауғанаралық диалогтың басталуында тежеулер байқалды. Бұл өз кезегінде болашақта Ауғанстанды ШЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайтуға итермелейді.

*Кілт сөздер:* ШЫҰ, аймақтық қауіпсіздік, Ауғанстан, Орталық Азия, «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобы, Талибан қозғалысы.

### *Kipicne*

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) 18 жылдың ішінде өзінің қызметі барысында аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосып, достық қатынастардың нығаюына ықпал етіп, халықаралық аренада маңызды және айтарлықтай ықпалы бар ұйым ретінде орнықты.

Осымен қатар, 2017 ж. 9 маусымында Астанада өткен ШЫҰ-ның Саммитінде Ұйымға Үндістан мен Пәкістанның толық құқылы мүше мәртебесін алуы ШЫҰ үшін жаңа мүмкіндіктер ашып берді және оның беделі арта түсті. Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-на қабылдануы Ұйымның халықаралық беделінің жоғарлауында қосымша маңызды рөл атқарды. Сондықтан, қазіргі уақытта ШЫҰ-мен ынтымақтастықты дамытуға көптеген мемлекеттер қызығушылық танытып отыр.

Үндістан мен Пәкістанның тұрақты мүшесіне айналуының нәтижесінде және Ұйым құрамының кеңеюінің арқасында ШЫҰ тарихының жаңа кезеңі басталды. ШЫҰ-ның кеңеюі және 2009 ж. өзінің қызметін тоқтатып тастаған «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобы қызметінің 2017 ж. қайта іске қосылуы ШЫҰ-ғы күштердің жаңадан жайғасуын және Ұйымның тиімділігі мен міндеттерінің өлшемдерін қарастыруға мүмкіндік тудырады.

Осылайша, біріншіден, ШЫҰ-ның құрамының кеңеюінің арқасында, екіншіден, «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобы қызметінің қайта іске қосылуы және аймақта бөлінбейтін, берік, жалпыға ортақ қауіпсіздік архитектурасын құру бірінші орында екендігі атап көрсетілген. ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиясының қабылдануына байланысты Шанхай ынтымақтастық ұйымының жаңа перспективалары айқындалды.

ШЫҰ-ның негізгі мақсаттарының бірі — Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан Ұйымның қауіпсіздік саясаты ауған мәселесін реттеуден бөлінбейді. XXI ғ. алғашқы он жылдығынан бастап Орталық Азия аймағындағы тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі Ауғанстандағы әскери-саяси шиеленіспен тікелей байланысты.

\* *Корреспондент автор. E-mail: serstam@mail.ru (С.Б. Стамбулов)*

Қазіргі уақытта Ауғанстандағы жағдай күннен-күнге қиындай түсуде: мемлекетте параллелді екі «президенттің» Ашраф Гани мен Абдулла Абдулланың билігі орнатылды, 2020 ж. 29 ақпанда АҚШ пен «Талибан» арасындағы қол қойылған бейбіт келісімшарт ережелері Кабул тарабынан орындалмай жатыр, коронавирус індетіне шалдыққандар саны өсуде.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы Ауғанстанның болашақтағы әлеуметтік-экономикалық дамуына және ондағы жағдайларды реттеуге ықпал етуге мүмкіндігі бар ұйымдардың бірі болып саналады. Мұның дәлелі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің (Қытай, Ресей) саяси және әлеуметтік қуаты, ұйымға мүше мемлекеттердің географиялық жағынан Ауғанстанға жақын орналасуы, Ауғанстандағы жағдайдың реттелуіне деген қызығушылықтың болуы және ШЫҰ-ның жаһандық мәселелерді, осымен қатар Ауғанстан ошағы саналатын терроризм мәселелерін шешуге қабілеті бар ұйым ретіндегі ұстанымдары бола алады.

Осындай аталған жағдайларды ескере отырып, қазіргі кезеңдегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамуының жаңа кезеңін және ондағы Ауғанстан мәселесінің алатын орнын зерттеудің маңызы зор.

### *Зерттеу әдістері*

Мақалада көтерілген мәселені зерттеу барысында объективтілік, тарихи ұстанымның жалпы ғылыми принциптері басшылыққа алынды. Бұл қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық үрдістердің ШЫҰ саясатына ықпал етуін қарастыруға, ұйымның дамуының заңдылықтарын және оның қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған тәсілдерінің эволюциясын ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

ШЫҰ-ның халықаралық қатынастардағы алып отырған орнын, қауіпсіздік саясатының бағыттарын көрсетуде объективтілік принципі қолданылды. Бұл принцип мақаланың тақырыбына байланысты деректерді және тарихи құбылыстарды барлық қайшылықтарымен, күрделіліктерімен, сан қырлылықтарымен қоса жан-жақты зерттеуге негіз болды. ШЫҰ-ның қауіпсіздік саясатын, Ұйымның маңызды құжаттарын саралауда контент-анализ әдісі қолданылды.

### *Пікір-талас*

Өзімізге белгілі, 2001 ж. 15 шілдеде Шанхайда «Шанхай үрдісінің» мемлекет басшылары және оған қосылған Өзбекстан, ШЫҰ құру жөніндегі Декларацияға қол қойды Аталған ШЫҰ құру жөніндегі Декларацияда «Ұйымға мүше мемлекеттер арасында саяси, сауда-экономикалық, мәдени, білім, энергетика, транспорт, экология салалары бойынша тиімді ынтымақтастықты дамытуды» мақсат еткен. Біздің ойымызша, бұл «Шанхай үрдісінің» халықаралық мәртебесінің жоғарлауын және алты мемлекеттің арасындағы аймақтық ынтымақтастықты дамытудың қазіргі заманғы жаңа және берік алаңының қалыптасуының басталуын көрсетіп берді [1].

2001 жылы 14 қыркүйектегі ШЫҰ мемлекеттерінің бірінші Саммитінде мемлекеттер «ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықты дамытуды, аймақ мемлекеттерінің экономикалық қуатын арттыруды, әлемдік саяси және экономикалық құрылымындағы аймақ мәртебесін арттыруды» мәлімдеген болатын. Сонымен бірге осы кезеңде ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің премьер-министрлері аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен сауда және инвестиция салаларындағы қолайлы жағдайды құру үрдісін іске қосу жөніндегі *Меморандумға* [2; 224] қол қойды. Бұл құжат арқылы ұйымға мүше мемлекеттердің арасында өзара сауданы дамытудың іс-шаралары анықталып, алты мемлекеттің экономикасының жақындауын, транспорттық коридорды дамыту, кедендік кедергілерді жеңілдетудің қажеттіліктерін анықтадық.

Ал, 2002 ж. 7 шілдеде ШЫҰ-ның негізгі құжаты — ШЫҰ *Хартиясы* қабылданды. Бұл құжат алты мемлекеттің ынтымақтастық мақсатын, міндеттері мен принциптерін анықтап, Ұйымның қабылданған Декларациясын нақтылап әрі дамытып, 26 бөлімді құрады [3].

Ал, қазіргі уақытта құрамына Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Үндістан, Пәкістан кіретін және бақылаушы мемлекеттері, Моңғолия, Иран мемлекеттері болып саналатын ШЫҰ Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісі, осымен бірге көпжақты дипломатияның белсенді және динамикалық түрде дамып жатқан көрінісін білдіреді.

ШЫҰ өзінің құрылуынан кейін бірден «зұлымдықтың үш түрімен» — терроризм, діни экстремизм, сепаратизммен күресетінін жария етті. 2004 ж. Ташкентте өткен ШЫҰ Саммитінде ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррористік құрылымы (ААТК) құрылды және Ұйымға мүше-мемлекеттер

күнделікті түрде бірлескен антитеррористік жаттығулар өткізіп келеді. Осылардың барлығы Ауғанстанмен шекаралас зоналарды қорғаудың және аймақ мемлекеттерінің құқық қорғау органдары арасында ақпаратпен алмасу және байланыс орнату қажеттілігінен туындаған болатын.

ШЫҰ өзінің құрылуының алғашқы кезеңінен бастап өзінің мүше-мемлекеттері үшін қауіп-қатер төндіретін Ауғанстандағы тұрақсыздық жағдайының дамуына ерекше мән беріп келеді. Сондықтан, Ауғанстаннан шығатын террористік және наркотрафик қауіп-қатері жағдайында ШЫҰ-ның ауғандық реттеулерге деген ұмтылысы өседі. Осымен бірге, 2004 ж. ШЫҰ-ның Ташкентте өткен саммитінде құруға шешім қабылданған ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобы механизмінің маңызы бар.

2005 ж. 4 қарашасында Пекинде өзара қызығушылық танытатын мәселелер бойынша ынтымақтастықтың ұсыныстарын өңдеуді мақсат ететін ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобын құру жөніндегі Хаттамаға қол қойылған. Бастапқыда Байланыс тобының қызметін ШЫҰ Хатшылығы немесе Пекиндегі Ауғанстан елшілігінің базасында жүргізу жопарланған болатын. Топтың құрамы ШЫҰ мүшелерінің тұрақты өкілдерінен, ШЫҰ Хатшылығы қызметкерлері мен ҚХР-ғы Ауғанстан елшілігінің аға дипломаттарынан құралды.

2006 ж. 15 мамырында ШЫҰ мүше мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері Кеңесінің шешіміне сәйкес Байланыс тобындағы өкілдердің жұмыс регламенті бекітілді. Онда ШЫҰ өкілдерінің отырысында бір ұстанымға келу, ал егер бір мемлекеттің тарабынан белгілі бір ұстаным бойынша келіспеушілік туындаса бұл келісілмеген деп есептеліп, Байланыс тобының отырысына шығарылмайтындығы туралы мәлімделген болатын. Мұндай жағдайлар ауған мәселесін шешудегі ШЫҰ-ның мүмкіндіктеріне тежеу қойды.

Негізінен, Байланыс тобы құрылғаннан кейін барлығы үш отырыс өткен болатын: 1) 2006 ж. ақпанда Байланыс тобы қызметінің рәсімделуіне қатысты мәселелер талқыланды және өзара қызығушылық танытатын мәселелер анықталды; 2) 2007 ж. ақпанында ауған тарабы Ауғанстан экономикасын қалпына келтіру үшін ШЫҰ-ның әрекетіне және ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастығы Бағдарламасына қызығушылық танытты; 3) 2008 ж. қазанында Ауғанстан тарабы мемлекеттің ішкі жағдайы және ішкі мемлекеттік құрылысы, 2009 ж. президенттік сайлау жөнінде ақпарат берді, осымен бірге, ШЫҰ-мен экономика саласы бойынша ынтымақтастықтың мәселелерін, ШЫҰ мүше мемлекеттерінің нарығына Ауғанстан тауарларының жеткізілімі мен кеден саласындағы мәселелерді талқылаған болатын. Осы отырыста, Ауғанстан Байланыс тобындағы өзінің өкілдігін экономика мәселесі бойынша Сыртқы істер министрлігі департаментінің директоры деңгейіне дейін көтеретіні туралы мәлімдеді. Бірақ, бұл ұсыныс ШЫҰ шеңберіндегі ауған мәселесін реттеу бойынша көзқарастардың әртүрлі болуына байланысты консенсусқа ие болған жоқ. Яғни, ШЫҰ мүше-мемлекеттері экономикаға қарағанда қауіпсіздік саласы бойынша ынтымақтастықты қажет деп санаса, Ауғанстан тек қана экономикалық көмек алуға ұмтылды. Соңынан, ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобының қызметін қарастырған ШЫҰ-ның тұрақты өкілдерінің бірнеше отырыстары өтті, дегенмен, бұл отырыстарда ауған мәселесі бойынша консенсусқа қол жеткізілген жоқ. Мұнан басқа, Өзбекстан Ауғанстанмен екі жақты ынтымақтастықты құруға бағыт алып, ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобының жұмысына қатысудан бас тартты. Осындай себептерге байланысты 2009 ж. бастап ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобы өзінің қызметін тоқтатқан болатын. Бұл жағдай, Байланыс тобының қызметі 2012 ж. және Ауғанстанның ШЫҰ-ның бақылаушы мәртебесін және 2015 ж. ШЫҰ-на тұрақты мүше болу туралы өтінішін бергеннен соң да өзгеріске ұшыраған жоқ.

2009 ж. бастап ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобының қызметі фактілі түрде тоқтағаннан кейін, ШЫҰ мүше-мемлекеттері мен Ауғанстан ауған мәселесін басқа мемлекеттермен бірге уақытша коалиция шеңберінде қарастыруға ұмтылды. Мысалы, 2016 ж. Ауғанстан, Пәкістан, Қытай және АҚШ-тың қатысуымен және «Талибан» қозғалысымен ұзақ мерзімді шиеленісті аяқтау бойынша Жол картасын өңдеу мақсатында төрт жақты координациялау тобы құрылды. 2016 ж. 11 қаңтарда Исламабадта өткен аталған топтың бірінші отырысында Ауғанстан үкіметі мен талибтардың кейбір жетекшілері арасында тікелей келіссөздердің басталуы жөнінде мәлімденген болатын. Бірақ, мұндай келіссөздерді «Талибан» қозғалысы жоққа шығарған болатын. Осы жылдың 19 қаңтарында аталған төрт жақты топтың Кабулда кезекті отырысы өтті. Ал, 2017 ж. қазанда Оманда өткен үшінші отырыста аталған формат деңгейінің төмен екендігі атап көрсетілді және төрт жақты топ шеңберіндегі бейбіт келіссөздер үрдісі тоқтап қалған болатын.

Соңынан, Ресей ауған мәселесін реттеу бойынша өзіндік алаңды өңдей бастады. Ресей, Ауғанстан, Қытай, Пәкістан, Иран және Үндістан өкілдерінің қатысуымен алты жақты келіссөздің

нәтижесінде кеңестің мәскеулік форматын құру жөнінде шешім қабылданды. 2017 ж. 14 сәуірдегі аталған форматтың бірінші отырысы өтті және оған 11 мемлекеттің (Ресей, Ауғанстан, Қытай, Пәкістан, Иран, Үндістан, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркменстан) сыртқы істер министрлері мен арнайы өкілдері қатысты. Мәскеу форматының бірінші отырысынан кейін Ресей мен Ауғанстан арасындағы қатынастардың салқындалуы байқалып, ауғандар тарабынан туындаған наразылық Ауғанстанға қосарлас төрағалық беру арқылы жеңілдетілді. Дегенмен, бұл әртүрлі техникалық сипаттағы мәселелердің туындауына байланысты ауған шиеленісін реттеуге ықпал еткен жоқ [4].

Осылайша, Мәскеу форматының бірінші отырысынан екі ай өткен соң сыртқы мемлекеттердің қатысуымен Ауғанстан бейбіт келіссөздердің өзіндік форматын іске қосты және 2017 ж. 6 маусымында Кабулда келіссөздердің ауғанстандық форматының алғашқы отырысы өтті. Біздің ойымызша, халықаралық кеңестердің параллелді форматтарын іске қосу олардың маңыздылығына кері әсерін тигізді.

2017 ж. қазанындағы Мәскеуде өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттері жетекшілерінің кездесуі барысында Сыртқы істер министрлерінің деңгейінде және ШЫҰ-ның Үндістан мен Пәкістанның есесіне кеңеюі көлемінде «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобының қызметі қайта іске қосылды. Осы кездесудің барысында есірткі заттарының заңсыз айналымға енуі, Сириядан Ауғанстанға өтетін боевиктар ағымы және Ауғанстанның экономикасын қалпына келтіру үшін көмек көрсету мәселелері қарастырылды. Осымен бірге, ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобы Ауғанстан бойынша жұмыс жасайтын басқа келіссөз алаңдарын қайталамайтындығы және Байланыс тобының қызметіне Иран мен Түрікменстанды тарту мәселелері талқыға салынды.

2018 ж. 9 қарашасында Ауғанстан мәселесі бойынша келіссөздердің мәскеулік форматының екінші отырысы өтті. Бұл келіссөз үрдісіне Ресей, Ауғанстан, Қытай, Пәкістан, Иран, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және АҚШ мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері мен арнайы өкілдері, осымен қатар, алғаш рет халықаралық деңгейдегі кездесуге Шер Мұхаммед Аббас бастаған Дохадағы «Талибан» қозғалысының Саяси офисінің делегациялары қатысты. Мәскеу форматының екінші отырысының маңызды нәтижелерінің бірі — талибтардың ауғанстанның саяси партияларымен тікелей келіссөздер жүргізуге дайын екендігін мәлімдеуі болды. Толықтай алғанда, Мәскеу форматының екінші отырысы Ауғанстан бойынша бейбіт келіссөздер бойынша күштердің орналасуына айтарлықтай ықпал етті. Осы келіссөзден соң, ауған мәселесі бойынша аймақтың консолидациясы күшейген кезде АҚШ өз әрекеттерін Ресеймен біріктіретіндігін мәлімдеді және Ауғанстандағы ымыраға келу мәселесі бойынша АҚШ Мемлекеттік департаментінің арнайы өкілі Залмай Халилзад бірнеше рет Мәскеуге іс-сапармен келген болатын [4].

2018 ж. 28 қаңтарында кабулдық үрдіс шеңберіндегі екінші кездесу өтті және бұл кездесуде қарулы оппозициямен татуласу үрдісін регламенттейтін бағдарлама ұсынылды. Бағдарламада Ауғанстан үкіметі зорлық-зомбылықты тоқтатқан және Кабулмен бейбіт келісімге қол қойған жағдайда «Талибан» қозғалысын саяси күш ретінде мойындайтыны, тұтқынға түскен талибтерді босату және радикалық топқа қарсы бағытталған санкциядан бас тарту мәселелері қамтылған. Бұл құжатта бейбіт келісімге талибтардың адам құқығын сақтайтындығы, Ауғанстан конституциясын, құқық қорғау органдары мен азаматтық мекемелердің құзыретін мойындайтыны жөнінде бөлімдердің енгізілуі мәлімденген.

2019 ж. сәуірінде Бішкекте ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобының кезекті екінші отырысы өтті және бұл отырыстың шеңберінде Ауғанстандағы әскери-саяси жағдайдың дамуы мәселелері, оның аймақтық қауіпсіздікке ықпалы және ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің қауіпсіздікті қамтамасыз ету, осымен қатар аймақтық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қарастырылды.

2019 ж. маусымында Бішкекте өткен ШЫҰ Саммитінде «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобының болашақтағы іс-әрекеттері мен қызметі жөніндегі Жол картасы бекітілді. Дегенмен, біздің ойымызша, бекітілген Жол картасының болашақтағы жүзеге асырылуы (Ауғанстаннан АҚШ әскерлерінің шығарылуына дейін) және Ауғанстанның ШЫҰ-на мүше-мемлекеттермен ынтымақтастығы түсініксіз. Ауғанстаннан АҚШ әскерлері мен оның одақтастары шығарылғаннан кейін ғана Ауғанстан ШЫҰ алдындағы өзінің міндеттерін орындауы, соның ішінде өз тарабынан Ұйымға мүше-мемлекеттерге деген қастыққа жол бермеуі қажет. Сонымен бірге, біріншіден, ШЫҰ мүше-мемлекеттері аймақтық қауіпсіздік шеңберіндегі интеграциялық бірлестіктің (ШЫҰ-ның) әскери одаққа айналуына қарсы екендігін, екіншіден, ШЫҰ өзінің мүше-мемлекеттері арасындағы өзара шиеленістерге араласпайтындығын, Ұйымның тек қана шиеленісті шешуге қолайлы жағдай

тудыратындығын, үшіншіден, Ресей, Үндістан және Қытайдың есесіне ШЫҰ-ның жаңа ядросының қалыптасу үрдісінің аяқталмағандығын ескеруіміз қажет.

### Қорытынды

ШЫҰ-ның Ауғанстандағы шиеленісті реттеудегі мүмкіндіктері уақытша шектеулі деген тұжырым шығаруға болады. Біздің пікірімізше, қазіргі уақытта Ауғанстандағы шиеленісті реттеу үрдісінде «Талибан» қозғалысымен бейбіт келісімшартқа қол қойған АҚШ айтарлықтай белсенділік танытып отыр. Дегенмен, бірқатар себептерге байланысты Д. Трамп пен талибтар келісімшарт ережелерін орындап отырған жоқ және бұл екі тараптың арасындағы диалогтың іске қосылуына кері әсерін тигізіп отыр. Осы себептен, болашақта Ауғанстан ШЫҰ-мен өзінің ынтымақтастығын нығайтуы мүмкін.

2019 ж. АҚШ, Ресей, Қытай және Пәкістанның қатысуымен Ауғанстан бойынша келіссөздердің жаңа «3+1» форматы құрыла бастады. Бұл формат басқа мәселелерді шешуге бағытталғандықтан ауған мәселесі бойынша аймақтың бірігуіне ықпал етуі екіталай. Сондықтан, ШЫҰ-мүше мемлекеттерінің көпшілігін құрайтын мәскеулік, ташкенттік форматтары, осымен қатар ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобы ауған мәселесін реттеу бойынша қызығушылық танытатын мемлекеттердің ұстанымдарын жақындастыруға қабілеті бар деген қорытынды шығаруға болады. Сонымен бірге, ШЫҰ-ның Ауғанстандағы ықпалын бекіту мен кеңейтудің тиімді құралдарының бірі — сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және ауған бағыты бойынша қалпына келтіру жобаларына қатысу болып саналады. Сондықтан, ШЫҰ-ның күш-жігері ауған мәселесін кешенді және тұтастай қамтылған түрінде шешуге бағытталуы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1 Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://rus.sectesco.org/documents/>.

2 Шанхайская организация сотрудничества — десять лет по пути безопасности и сотрудничества // Основные документы: сб. док. ШОС. — Астана, 2011. — 610 с.

3 Хартия Шанхайской организации сотрудничества [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://rus.sectesco.org/documents/>.

4 Евсеев В.В. О роли ШОС в урегулировании афганского кризиса на фоне договоренностей администрации Трампа с движением «Талибан» [Электронный ресурс] / В.В. Евсеев. — Режим доступа: <http://www.materik.ru/rubric/detail.php?ID=104500>.

С.Б. Стамбулов, Б.А. Досова, А.Г. Амангельдиева

## Новый этап в развитии Шанхайской организации сотрудничества в контексте урегулирования афганской проблемы

В статье рассмотрены новые тенденции в развитии ШОС после ее расширения за счет Индии и Пакистана в 2018 г. Расширение ШОС означает существенный рост политико-экономического веса Организации. Авторами проанализирована деятельность контактной группы «ШОС – Афганистан» в урегулировании афганского кризиса на современном этапе. Если прежде Афганистан мог рассматриваться скорее в качестве внешнего фактора Центрально-Азиатской безопасности, то теперь урегулирование ситуации в этой стране оказывается особо актуальным для дальнейшей работы ШОС. Авторами показано, что вопросы региональной безопасности Центральной Азии не утрачивают своего значения. Кроме того, ими проведен сравнительный анализ деятельности контактной группы «ШОС – Афганистан», московского и ташкентского форматов переговоров по урегулированию афганского вопроса на современном этапе. Что позволило им прийти к выводу, что ШОС имеет ограниченные возможности в урегулировании афганского кризиса из-за активности в этом процессе США, подписавшем мирное соглашение с движением «Талибан» 29 февраля 2020 г. о сроках вывода американских войск из Афганистана. Однако, в силу ряда причин, ни США, ни талибы не собираются выполнять условия договора, что фактически исключает масштабный запуск межафганского диалога. А это, в свою очередь, будет подталкивать Афганистан к усилению сотрудничества с ШОС, но в перспективе.

*Ключевые слова:* ШОС, региональная безопасность, Афганистан, Центральная Азия, контактная группа «ШОС – Афганистан», движение «Талибан».



S.B. Stambulov, B.A. Dosova, A.G. Amangeldiyeva

## **A new stage in the development of the Shanghai Cooperation Organization in the context of the settlement of the Afghan problem**

The article examines new trends in the development of the SCO after its expansion at the expense of India and Pakistan in 2018. The expansion of the SCO means a significant increase in the political and economic weight of the Organization. The authors analyze the activities of the SCO-Afghanistan contact group in the settlement of the Afghan crisis at the present stage. If previously Afghanistan could be viewed more as an external factor of Central Asian security, now the settlement of the situation in this country is especially relevant for the further work of the SCO. The article shows that the issues of regional security in Central Asia do not lose their importance. The authors of this article make a comparative analysis of the activities of the SCO-Afghanistan contact group and the Moscow and Tashkent formats of the talks on the settlement of the Afghan issue at the present stage. The authors come to the conclusion that the SCO has limited capacity in resolving the Afghan crisis due to the activity in this process by the United States, which signed a peace agreement with the Taliban on February 29, 2020, on the timing of the withdrawal of American troops from Afghanistan. However, for a number of reasons, neither the United States nor the Taliban are going to fulfill the terms of the agreement, which in fact excludes a large-scale launch of an inter-Afghan dialogue. And this will push Afghanistan to strengthen cooperation with the SCO, but in the long term.

*Keywords:* SCO, regional security, Afghanistan, Central Asia, SCO-Afghanistan Contact Group, Taliban movement.

### References

- 1 Deklaratsiia o sozdanii Shankhaiskoi orhanizatsii sotrudnichestva [Declaration on the establishment of the Shanghai Cooperation Organization]. *rus.sectSCO.org* Retrieved from <http://rus.sectSCO.org/documents/> [in Russian].
- 2 Shankhaiskaia orhanizatsiia sotrudnichestva — desiat let po puti bezopasnosti i sotrudnichestva [Shanghai Cooperation Organization — a decade on the path of security and cooperation] (2011). *Osnovnye dokumenty — Basic documents*, Astana [in Russian].
- 3 Hartiia Shankhaiskoi orhanizatsii sotrudnichestva [Shanghai Cooperation Organization Charter]. *rus.sectSCO.org* Retrieved from <http://rus.sectSCO.org/documents/> [in Russian].
- 4 Evseev, V.V. O roli SHOS v urehulirovanii afhanskoho krizisa na fone dohovorennosti administratsii Trampa s dvizheniem «Taliban» [The role of the SCO in resolving the Afghan crisis against the backdrop of the Trump administration's agreements with the Taliban]. *www.materik.ru* Retrieved from <http://www.materik.ru/rubric/detail.php?ID=104500> [in Russian].

A.A. Uskembayeva<sup>1\*</sup>, Zh.Zh. Orazaeva<sup>2</sup><sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan;<sup>2</sup>K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Kazakhstan

(E-mail: uskembayeva0901@gmail.com, zh.orazaeva@mail.ru)

## Features of the formation of integration processes of the independent states of Central Asia

This article discusses the features of the formation of the integration processes of Central Asian states. The problem of integration of new independent states on the territory of the former Soviet Union into the world community seems extremely urgent for each of them. For the short historical period that has passed since the collapse of the USSR, the new independent states of Central Asia went through a certain stage in their development and revealed some development trends in the economic, political, and cultural fields of these countries. The Central Asian states are united by a lot of historical past, cultural traditions, and religion. All countries have similar circumstances and similar problems. But despite this integration problems, at the moment, are purely technical and economic in nature.

*Keywords:* Central Asia, region, integration, history, unification, culture, independence.

### *Introduction*

The problem of integration of new independent states on the territory of the former Soviet Union into the world community seems extremely urgent for each of them. Based on their sociocultural, religious traditions, level of intellectual, political culture, prevailing foundations of political power and foreign policy relations, the political elites of these states are looking for ways and methods of rapprochement with already established state associations, trying to take a decent place for their people in them. This process is complex, it is influenced both by its national and general regional characteristics of economic, political, spiritual life, and the influence of neighboring states and similar political cultures.

In the second half of the XX century, in various regions of the world, numerous methods of unions, agreements, associations of different peoples were developed and tested. A certain culture of integration, the international experience of economic and political cooperation has formed and taken root. If at first pure ideological similarity turned out to be the main criterion for unification, then already in the 80s, instead of ideology, territorial and historical closeness, as well as cultural and religious values, came to the fore. This fully applies to Central Asia, where at the initial stage of independent development of new states, intra-regional contradictions on religious, cultural grounds or as a result of historical territorial claims, the struggle for power and dominant positions in the region became actualized.

### *Methodology and research methods*

The article used materials of theoretical and practical research by both domestic and foreign scientists. The methodological basis of the study is the principle of historicism, which involves the consideration of the problems of the Central Asian states in accordance with the specific historical conditions in which they emerged under the influence of economic, political and cultural changes. This method was chosen for the purpose of a comprehensive study of international relations and the foreign policy of Central Asian states, identifying their interdependence and interdependence with internal and external processes. The inclusion of five states in the research object is due to the active use of corporate methods.

### *Discussions*

For the short historical period that has passed since the collapse of the USSR, the new independent states of Central Asia went through a certain stage in their development and revealed some development trends in the economic, political, and cultural fields of these countries. These factors make it possible to assert that Central Asia is beginning to form as a separate independent region. However, the new geopolitical

---

\* Corresponding author. E-mail: uskembayeva0901@gmail.com (A.A. Uskembayeva)

reality taking shape in Central Asia has not yet taken on a clear outline, and therefore it is not known by what scenario events will develop in this region in the future. But, nevertheless, the severity, complexity and speed of the changes taking place in Central Asia require a deep and comprehensive analysis and reflection.

The Belovezha Accords were a surprise to the republics of Soviet Central Asia countries. The collapse of the Union for quite some time was not recognized by them as a *fait accompli*. Although all republics legally possessed state sovereignty at the time of signing the Belovezha Agreements, practically no republic could act as a sovereign state. This forced the new independent Central Asian countries to immediately join the Community. Economic necessity reinforced political decisions: all the republics of Central Asia were connected by close economic relations not so much with each other as with the Center, through which all foreign economic activity was carried out, as well as domestic supply of raw materials and components, and marketing of products.

The high level and viability of the economic interdependence of the former Soviet republics during the collapse of the USSR raised the question of how to transform it at the level of individual republics. Economic interdependence either could develop into a threat that could cause wars, or persist, developing and deepening within large territories. In a certain sense, the development of Central Asia as a macro-region took the second path. This was facilitated by a number of factors that reduced the conflict in Central Asia of the post-imperial period and pushed Central Asian countries towards intra-regional integration:

- common threat factor — the need to ensure security forces all the Central Asian countries to some extent to make joint efforts in this direction. The region faced a serious external threat — this is primarily the Afghan conflict. Of latent conflict situations, relations with the great neighbors — Russia and China — should be noted;

- geographical factor — despite the fact that the economies of Central Asian countries are not complementary, but competing in nature (the countries of the region enter the world market with a similar set of natural resources), nevertheless, there is an exchange of resources within the region. Moreover, the dependence of the Central Asian countries on each other's resources is noticeably increasing every year. This is connected, on the one hand, with the collapse of the all-Union economy, and on the other, with the slow and difficult entry of the Central Asian countries into the world market;

- legacy of the former Soviet national economic complex — economic interconnections, common communications, transport arteries, a common energy system, gas and oil pipelines still firmly connect the Central Asian countries;

- demographic factor — while in the Central Asian countries there is no common labor market. The institution of registration hinders this, and the immigration laws in Central Asian countries that have not yet been fully finalized. However, migration flows indicate certain trends in the formation of the labor market within the region;

- confessional factor — the spread of Sunni Islam throughout Central Asia;

- civilizational factor — in Central Asia, the complementary coexistence of the agricultural and livestock population has always been the norm. The place of their interaction was the large city and shopping centers. The current revival of the old economic and political regions, in which traditional cultural and economic types are being restored, in a certain sense stabilizes the situation in Central Asia, mitigating the existing contradictions [1];

- national factor — in all the Central Asian countries there is a multinational population with a rather large proportion of diasporas and irredent of the titular nationalities of neighboring states. To a greater or lesser extent, organized formations occupy the places assigned to them by the historical tradition in the economy of each state, which ties the states with additional bonds;

- military factor — in all the countries of Central Asia the army is in its infancy and an independent national military elite has yet to be formed that can play its own political role. As you know, representatives of Slavic nationalities dominated the command staff in the Soviet Army, despite the fact that Central Asia and Kazakhstan sent a large number of rank-and-file staff there;

- common historical past — all modern states of Central Asia were fully or partially part of the Bukhara emirate and the Kokand khanate and then — the Russian empire [2].

The first President of Kazakhstan, N.A. Nazarbayev, spoke about the importance of regional cooperation taking place in Central Asia: «Of course, it would be best to create a Union of Central Asian states, where I include Kazakhstan and Central Asia. God ordered us to unite: 55 million people, there are no language barriers, complementary economies, we are in the same space, there are transport links, energy. This region can provide itself with food without entering foreign markets, can fully provide itself with energy, and

so on. What else does? We respect each other. The population will only benefit from this. We just need to talk more about this. Both our citizens and our neighbors. The media should talk about the proximity of our cultures, history, language, the future of our children. This integration would be economically beneficial and would work for our security as a whole» [3].

The integration processes in modern Central Asia are undergoing a crisis against the backdrop of ongoing attempts by leaders of individual states and outside regional powers to resume them and give them a new format and content. In view of this, it seems possible to judge that the region over the past years has failed to turn into a consolidated political and economic community. The main reason for this is a combination of a number of objective and subjective reasons. Among the first, it is necessary to point to the following: the initial stage of nation-state building, the presence of hidden conflicts in interstate relations, economic and technological lagging behind other states of the world. The second include the differing vision of the models and mechanisms of regional integration, the unpreparedness of the ruling elites for the creation of full-fledged supranational economic and political institutions, the search by the states of the region for powerful allies outside its borders, used by external players to strengthen their influence, which prevented its consolidation. The basis of the foreign policy development of Central Asian countries in the 90s of the last century was multisectoral diplomacy, which met the interests of small states located here. The limited financial, economic, scientific, intellectual, technological resources, the need to build a new format of relations with traditional partners within the CIS objectively contributed to the growth of their relations with the «big world». Not the least role in this process was played by the interest of the leading powers in the development of the previously closed geopolitical and geoeconomic space, which has significant human and natural resources [4].

After the collapse of the Soviet Union, it was initiated by the two largest republics of the region — Kazakhstan and Uzbekistan, despite the fact that the first attempts were made in 1990 by the Presidents of Kazakhstan and Uzbekistan on January 10, 1994 in Tashkent, an Agreement was signed on the creation of a Common Economic Space between these states, which determined the main areas of cooperation. On January 16, 1994, Kyrgyzstan joined him. This, according to a number of experts, was the real beginning of the Central Asian integration process. The participation of the third country led to the fact that on April 30, 1994, in Cholpon-Ata, an Agreement was signed on the creation of a Common Economic Space between Uzbekistan, Kazakhstan and Kyrgyzstan.

The purpose of integration of this kind is defined in the first article of the Treaty. According to it, a single economic space is created in order to develop and implement joint programs to deepen economic integration between the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Republic of Uzbekistan and involves the free movement of goods, services, capital, labor and provides an agreed credit and settlement, budget, customs and currency politics. Initially, this integration association was called the Central Asian Union (CAU) [5].

The next step towards the integration of the three states was the creation of the working bodies of the new integration association. In 1994, the CAU Interstate Council was established. In its structure, the main working bodies were identified in the form of the Council of Prime Ministers, the Council of Ministers of Foreign Affairs, the Council of Ministers of Defense of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Republic of Uzbekistan. The permanent working body of the Interstate Council determined the Executive Committee. He was entrusted with coordination and advisory, forecasting, analytical, informational functions, as well as monitoring the implementation of decisions of the Interstate Council and its institutions. A little later, on August 5, 1994, at the meeting of the heads of state in Bishkek, the Central Asian Bank for Cooperation and Development was established with a registered capital of 9 million US dollars. On March 17, 1998, a meeting of the Council of Prime Ministers of three states — Uzbekistan, Kazakhstan, and Kyrgyzstan — took place in Bishkek. It considered the creation of international consortia, as well as draft inter-governmental agreements on the use of water and energy resources of the Syr Darya river basin, environmental protection and rational nature management, cooperation programs in the field of population migration, health and medical science.

The meeting of the heads of government of the CAU, in which the leadership of Tajikistan took part, was held on June 26, 1998 in Bishkek, thereby legally expanding the composition of the regional grouping from the «triple» to the «quartet». Almost all issues on the agenda included the adjustment of documents related to the inclusion of a new member in the union. From this moment, the new name of the union officially entered into force — the Central Asian Economic Community (CAEU) [6].

A little later, in June 2000, a meeting of the Interstate Council was held in Dushanbe, at which it was possible to adopt the most important documents — the Strategy for Integration Development until 2005 and the Program of Priority Actions for the Formation of the Common Economic Space in Central Asia.

As a necessary step in the development of integration in the Central Asian space, the results of the meeting of the CAEU heads (Tashkent, December 27–28, 2001), during which it was decided to create the Central Asian Union Organization on the basis of the CAEU, should be noted. The decision to establish the Central Asian Union Organization as a new type of integration structure was finally fixed during the meeting of the presidents on February 28, 2002 in Almaty. In general, to date, several phases can be conditionally distinguished in the history of integration in Central Asia.

The first phase covered 1990–1993. At this time, against the background of gaining independence and the realization that it was impossible to develop successfully alone, the basis for the integration process was created.

The second phase covered time from 1994 to 2005. It is characterized by a sluggish integration process with extremely low results, one of the manifestations of which was the constant reformatting and changing the vectors of cooperation. This was clearly seen in the transition from the Central Asian Union (1994) to the Central Asian Economical Union (1998) and the Central Asian Union (2002). Many initiatives have become declarative in nature, which is why most of the participants did not like this integration format.

The third phase (disintegration) runs from October 2005 to the present. The Central Asian Union organization ceased to exist, becoming part of the EurAsEC. The formal pretext was the coincidence of the goals accomplished by these organizations. The actual reason was the non-viability of the Organization of the Central Asian Union. Despite the obvious failure and damping of integration impulses, the search for new forms of cooperation continues in Central Asia today [7].

### *Conclusions*

Thus, a lot of things unite the Central Asian states: the historical past, cultural traditions, and religion. In all countries there are similar circumstances and similar problems, the continued influence of states on all aspects of society and the economy, strong traditions of authoritarianism, the absence of a tradition of national statehood, a weak national elite, and rapid and conflicting stratification of society.

Integration problems, at the moment, are purely technical and economic in nature. But none of these regional problems can be solved without the participation of the whole of Central Asia. If the most important political and economic problem is not resolved, and the problem arises, the need to harmonize the models of socio-economic development of all countries in the region. Now, when new principles of interaction are being developed, a pairing of development models, their docking, is required. It is necessary to build an equal economy. If the right strategy for regional development is developed, then the success of integration is ensured. The integration of Central Asia is necessary in the name of maintaining stability and peace in the region, ensuring national security, increasing its role in solving the problems of the CIS and on the world stage.

### *References*

- 1 Омаров М.М. Интеграция стран Центральной Азии на основе региональной идентичности / М.М. Омаров // Вестн. Череповец. гос. ун-та. — 2012. — Т. 1, № 4. — С. 29–32.
- 2 Олимова С. Интеграционные процессы в Центральной Азии: взгляд из Таджикистана [Электронный ресурс] / С. Олимова, М. Олимов // Central Asia and the Caucasus. — Режим доступа: [https://www.ca-c.org/journal/16-1998/st\\_07\\_olimov.shtml](https://www.ca-c.org/journal/16-1998/st_07_olimov.shtml).
- 3 Интервью Президента Казахстана Н.А. Назарбаева. Рынок в будущее // Central Asia Monitor. — 2007. — 13 апр. — № 14.
- 4 Медушевский А.Н. Политические режимы Центральной Азии: конституционные реформы в рамках авторитарной модернизации / А.Н. Медушевский // Сравнительное конституционное обозрение. — 2013. — № 3. — С. 14–19.
- 5 Договор о создании единого экономического пространства между Республикой Казахстан, Киргизской Республикой и Республикой Узбекистан: сб. осн. док. Межгос. Совета Республики Казахстан, Киргизской Республики, Республики Узбекистан и Республики Таджикистан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://online.zakon.kz/Document/>.
- 6 Протокол «О присоединении Республики Таджикистан к договору о создании единого экономического пространства между Республикой Казахстан, Киргизской Республикой и Республикой Узбекистан от 30 апреля 1994 г.»: сб. док. и матер. Межгос. Совета Республики Казахстан, Киргизской Республики, Республики Таджикистан и Республики Узбекистан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1016271](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1016271).

7 Баймагамбетова А.А. Центральнo-Азиатская интеграция в рамках СНГ: миф или реальность / А.А. Баймагамбетова, Б.К. Адамбеков // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. История. Философия. — 2009. — № 4(56). — С. 94–100.

А.А. Ускембаева, Ж.Ж. Оразаева

## Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттерінің интеграциялық процестерінің қалыптасу ерекшеліктері

Мақалада Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциялық процестерінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылған. Бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы қалыптасқан жаңа тәуелсіз мемлекеттердің әлемдік қауымдастыққа кіру мәселесі олардың әрқайсысы үшін өте өзекті болып табылады. КСРО ыдырағаннан кейінгі қысқа тарихи кезеңде Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері өз дамуында белгілі бір кезеңнен өтті және осы елдердің экономикалық, саяси және мәдени дамуының бағыттары айқындалды. Орталық Азия мемлекеттерін ортақ тарих, мәдениет, дәстүр және дін біріктіреді. Осы мемлекеттердегі мәселелер мен үдерістер ұқсас сипатта өтіп жатыр. Бірақ оған қарамастан интеграциялық үрдіс мәселесі қазіргі уақытта тек техникалық және экономикалық сипатта емес.

*Кілт сөздер:* Орталық Азия, аймақ, интеграция, тарих, бірігу, мәдениет, тәуелсіздік.

А.А. Ускембаева, Ж.Ж. Оразаева

## Особенности становления интеграционных процессов независимых государств Центральной Азии

В статье рассмотрены особенности становления интеграционных процессов Центрально-Азиатских (ЦА) государств. Проблема интеграции новых независимых государств на территории бывшего Советского Союза в мировое сообщество представляется крайне актуальной для каждого из них. За короткий исторический период времени, прошедший со времени распада СССР, новые независимые государства Центральной Азии прошли определенный этап в своем развитии, выявились некоторые тенденции развития в экономической, политической, культурной областях этих стран. Государства ЦА объединяет многое: историческое прошлое, культурные традиции, религия. Во всех странах имеются сходные обстоятельства и проблемы. Но, несмотря на это, проблемы интеграции в данный момент носят сугубо технико-экономический характер.

*Ключевые слова:* Центральная Азия, регион, интеграция, история, объединение, культура, независимость.

## References

- 1 Omarov, M.M. (2012). Intehratsiia stran Tsentralnoi Azii na osnove rehionalnoi identichnosti [Integration of Central Asian Countries Based on Regional Identity]. *Vestnik Cherepovetskoho gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of the Cherepovets State University*, 1, 4, 29–32 [in Russian].
- 2 Olimova, S., & Olimov, M. (1998). Intehratsionnye protsessy v Tsentralnoi Azii: vzhliad iz Tadzhiqistana [Integration Processes in Central Asia: A View from Tajikistan]. *Central Asia and the Caucasus*. Retrieved from [https://www.ca-c.org/journal/16-1998/st\\_07\\_olimov.shtml](https://www.ca-c.org/journal/16-1998/st_07_olimov.shtml) [in Russian].
- 3 Interviu Prezidenta Kazaxstana N.A. Nazarbaeva. Ryvok v budushchee [Interview with the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev. Jerk into the future]. (2007, April, 13). *Central Asia Monitor*, 14 [in Russian].
- 4 Medushevskii, A.N. (2013). Politicheskie rezhimy Tsentralnoi Azii: konstitutsionnye reformy v ramkakh avtoritarnoi modernizatsii [Political regimes of Central Asia: constitutional reforms in the framework of authoritarian modernization]. *Sravnitel'noe konstitutsionnoe obozrenie — Comparative Constitutional Review*, 3, 14–19 [in Russian].
- 5 Dohovor o sozdanii edinoho ekonomicheskoho prostranstva mezhdu Respublikoi Kazaxstan, Kirghizskoi Respublikoi i Respublikoi Uzbekistan: Sbornik osnovnykh dokumentov Mezhhosudarstvennogo Soveta Respubliki Kazaxstan, Kirghizskoi Respubliki, Respubliki Uzbekistan i Respubliki Tadzhiqistan [Agreement on the creation of a single economic space between the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Republic of Uzbekistan Collection of basic documents of the Interstate Council of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic, the Republic of Uzbekistan and the Republic of Tadjikistan]. *online.zakon.kz* Retrieved from: <https://online.zakon.kz/Document/> [in Russian].
- 6 Protokol «O prisoedinenii Respubliki Tadzhiqistan k dohovoru o sozdanii edinoho ekonomicheskoho prostranstva mezhdu Respublikoi Kazaxstan, Kirghizskoi Respublikoi i Respublikoi Uzbekistan ot 30 apreliia 1994 hoda»: Sbornik osnovnykh dokumentov Mezhhosudarstvennogo Soveta Respubliki Kazaxstan, Kirghizskoi Respubliki, Respubliki Uzbekistan i Respubliki Tadzhiqistan [Protocol «On accession of the Republic of Tadjikistan to the agreement on the creation of a single economic space be-

tween the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Republic of Uzbekistan dated April 30, 1994»: Collection of basic documents of the Interstate Council of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic, the Republic of Uzbekistan and the Republic of Tajikistan]. *online.zakon.kz* Retrieved from: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1016271](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1016271) [in Russian].

